

Бекітемін:
«Солтүстік Қазақстан облысы
әкімдігінің білім басқармасы» КММ
«Есіл ауданының білім бөлімі» КММ
«Горный негізгі мектебі» КММ
директор міндетін атқарушы
Мұсылманбекова А.К.
_____ 2021ж



«Горный негізгі мектебі» КММ
2021-2022 оқу жылына арналған мектепалды
даярлық сыныбының
«Логика»
(вариативті компонент негізінде
мектепалды даярлық сыныбына арналған)

Түсінік хат.

Мектепалды даярлық сыныптарына арналған «Логика» вариативтік компоненттің бағдарламасы аптасына 1 сағат, жылына 32 сағат жүктеме берліген. Негізгі оқу материалдарын үлгіге ала отырып, тәрбиеленушілердің алған білім, білік, дағдыларын және пәнге деген қызығушылығын арттырады.

2017оқу жылындағы ҚР-ның жалпы білім беретін ұйымдарында ғылым негіздерін оқытудың ерекшеліктері туралы нұсқау хатты негізге ала отырып пәнді оқытуды тәрбиеленушілердің білімдерін одан әрі жетілдіре түсу мақсатында таңдау пәндері қосымша пайдаланылады. Мектепке дейінгі вариативтік компонентке басты мақсатыбалалардың мектепке жақсы жетістіктермен оқуға деген ынта-ықыласын қалыптастыратын іс-әрекет түрлерін дамыту болып табылады.

Математикадағы бастапқы түсініктерді қалыптастыру балалардың жалпы ақыл-ой дамуының, олардың танымдық және шығармашылық қабілеттерін дамуының іргетасын қалайды.

Математиканы оқып – игеру балаларды дүние тәртіппен қаланған, демек ол түсінікті деген түйсікке негізделген өз күштеріне сенімді нығайтады.

Мақсаты:

- Математикалық байланыстар мен байланыстылық туралы түсінік қалыптастыру.
- Балаларды көрнектә-бейнелі ойлауын жаңа деңгейге көтеруге, олардың жалпы ойлау қызметін дамыту.
- Көзбен көріп, іштей есептеуге үйренеді, олардың көз мөлшер, пішінді шамалау жылдамдығын арттыру.

Міндеттері:

- Меңгерулеріне лайықты жаттығулар, өздігінен орындайтын тапсырмалар, практикалық жұмыстар, логикалық ойын дамытатын, баланы жазуға жаттықтыратын, шығармашылық қабілетін оятып, пәнге қызығушылығын арттыратын жаттығулар жүйесі алма- кезек, әр түрлі деңгейгі беріліп жүзеге асырылып отырылады.

Күтілетін нәтиже:

Заттардың қасиеттері туралы түсініктері қалыптасады. Балалар заттарды салыстыра біледі. Реттік және есептік санауды жаттығады.

Заттардың өлшем, материал секілді қасиеттерімен танысады. Заттардың үлкен және кіші санын анықтайды. Заттарды топқа бөліп үйренеді.

Ұқыпты жұмыс істеуге дағдыланады. Ойлау қабілеттері дамиды. Ой-қиялы, шығармашылық дамиды.

Бұл жинақта мектепалды даярлық бойынша математика пәнінің вариативті бөлігі негізінде оқушылардың білімін жетілдіре түсу мақсатымен мектепалды тәрбиешілеріне арналған логика бағдарламасы, сабақ үлгілері, дидактикалық материалдар ұсынылад

Логика

<i>p/c</i>	<i>Тақырыбы</i>	<i>Мақсаты</i>	<i>Сағ\ саны</i>	
1	Заттар белгілері(түсі, пішіні, өлшемі, қызметі,материалы)	Заттардың белгілерін анықтау іскерлігін тексеру;	1	8.09
2	Бірдей. Әртүрлі. Заттарды әртүрлі белгілер бойынша салыстыру. Геометриялық фигуралар туралы жалпы түсініктер (шеңбер, сопақша, үшбұрыш, шаршы, тікбұрыш)	Заттарды әртүрлі белгілері бойынша салыстыру, олардың қасиеттері мен айырмашылықтарын «бірдей», «әртүрлі» деген сөздерді қолдана отырып табу іскерлігін қалыптастыру;	1	15.09
3	Заттардың белгілерінің өзгеруі.	Заттардың өзгерістерін көру және өзгерістердің қандай белгілер бойынша орын алғанын анықтау іскерлігін қалыптастыру:	1	22.09
4	Заттарды топқа біріктіру.	Заттарды топтарға біріктіру, оларды топтарға бөлу және берілген белгілері бойынша заттарды топтан ажырату іскерлігін қалыптастыру.	1	29.09
5	Сол жақтан – оң жақтан.	Оң қол мен сол қолды ажырату іскерлігін дамыту.	1	6.10
6	Уақыт реттілігін анықтау.	Уақыттық түсініктерді дамыту: оқиғалардың реттілігін анықтау іскерлігін қалыптастыру.	1	13.10
7	Уақытта бағдарлау : тәулік (таң, күн, кеш, түн), апта күндері. Күн режимі.	Тәулік бөліктері мен апта күндерін, күн режимі мен оны сақтау қажеттілігі түсініктерін қалыптастыру.	1	20. 10
8	Уақытты бағдарлау: айлар, жыл мезгілдері, жыл.	Жыл мезгілдерін, айларды ретімен атау іскерлігін дамыту.	1	27.10
9	Сызықтар. Түзу. Қисық сызық. Тұйық сызық. Тұйықталмаған сызық.	Сызықтарды қоршаған ортадан табу іскерлігін қалыптастыру.	1	10.11
10	Нүкте. Сәуле. Бұрыш. Кесінді.	«нүкте», «сәуле», «бұрыш», «кесінді» түсініктерін қалыптастыру.	1	17.11
11	Жалпы ұғымдар.	Заттардың белгілері, жиынтықтар, геометриялық фигуралар туралы білімдерді қайталау және бекіту;	1	24.11
12	Бір. Көп. Саны мен цифры. Жол. Баған.	Жиынтықтан жекеленген заттарды бөліп алу іскерлігін дамыту.	1	8.12
13	2 саны мен цифры.	2 санымен және цифрымен таныстыру.	1	15.12
14	3 саны мен цифры.	3 санымен және цифрымен таныстыру.	1	22.12
15	4 саны мен цифры.	4 санымен және цифрымен таныстыру.	1	29.12
16	Сандарды салыстыру.	Заттар жиынтықтары мен сандарды «<», «>», «=» белгілерінің көмегімен салыстыру іскерлігін қалыптастыру.	1	19.01
17	Қосу. «+» белгісі.	«+» белгісімен таныстыру.	1	26.01
18	Азайту. «-» белгісі.	«-» азайту белгісімен таныстыру.	1	02.02
19	5 саны мен цифры.	5 санымен және цифрымен таныстыру.	1	16.02
20	1-5 сандары.	5-тің көлемінде есептеу дағдыларын	1	23.02

		қалыптастыру.		
21	6 саны мен цифры.	6 санымен және цифрымен таныстыру.	1	2.03
22	7 саны мен цифры.	7 санымен және цифрымен таныстыру.	1	9.
23	8 саны мен цифры.	8 санымен және цифрымен таныстыру.	1	16.03
24	9 саны мен цифры.	9 санымен және цифрымен таныстыру.	2	6.04
25				
26	0 саны мен цифры.	0 санымен және цифрымен, сандық қатардағы орнымен танысу.	1	13.04
27	10 саны мен цифры.	10 санымен және цифрымен таныстыру.	1	20.04
28	«9 саны мен цифры».	9 санымен және цифрымен таныстыру.	1	27.04
29	«0 саны мен цифры».	0 санымен және цифрымен, сандық қатардағы орнымен танысу.	1	04.05
30	Теңгемен танысу.	Ұлттық валюта - теңге туралы жалпы мағлұ-мат беру. Балаларды түрлі монеталармен таныстыру.	1	11.05
31	«10 саны мен цифры.»	Уақытты сағат бойынша анықтау іскерлігін қалыптастыру.	1	18.05
32	«0 саны мен цифры.» Сағат. 0-10 сандары.	Есептік және реттік санау дағдыларын бекіту.	1	25.05

1-сабақ.

Тақырыбы: Заттардың белгілерінің өзгеруі.

Мақсаты: заттардың өзгерістерін көру және өзгерістердің қандай белгілер бойынша орын алғанын анықтау іскерлігін қалыптастыру және дамыту.

Көрнекілігі: доп, жеміс-жидектер немесе геометриялық фигуралар салынған суреттері.

Оқу іс-әрекетінің барысы:

I. Ұйымдастыру кезеңі. Психологиялық дайындық.

Сабаққа біз даярлық,

Жалқаулықты қоямыз.

Үздік оқып әрқашан,

Келің «бестік» аламыз!

Бір, екі, үш,

Сынып іші тып-тыныш,

Жалқаулықты тастаймыз,

Сабақты біз бастаймыз.

II. Кіріспе әңгіме.

-бүгін біз сендермен математика еліне жасайтын үлкен әрі қызықты саяхатымызды бастаймыз. Сендер математиканың нені зерттейтінін білесіңдер ме? Ол адамға не үшін керек?

- математика сабақтарында сендер санауды, фигуралар сызуды және математикалық ойындар ойнауды үйренесіңдер

-сендер ойнағанды жақса көресіңдерме?

III. Негізгі білімді тиянақтау.

Мақсаты: заттардың белгілері туралы бұрын меңгерген білімдерді анықтау; ойын дамыту.

- Біз «Бұл кім?», «Бұл кім?» деп аталатын бойжазу өткіземіз.
 - Домалақ. Резеңкеден жасалған, мұнымен ойнауға болады.(доп)
 - Қызғылт түсті, айлакер қу, орманды өмір сүреді.(түлкі)
 - Жасыл түсті, тікенегі бар, топырақта өседі.(кактус)
- Бойжаздан кейін сабақтың тақырыбын жариялайды.

IV. Жаңа материалды меңгеру.Ойын іс – әрекеті.

Талқылау барысында тәрбиеші балалармен бірге әрбір заттың қандай да бір белгілерге (қасиеттерге) ие болатынын және кез келген затты, оның бір белгілерін назарда ұстап, басқа белгілерін ескермей-ақ түрлі көз қарастар тұрғысынан қарастыруға болатынын анықтайды. Түрлі тапсырмаларды орындай отырып балалар заттардың негізгі белгілерін өз беттерінше ажыратуды үйренеді. Материалды бекіту үшін тәрбиеші ойын ойнауды ұсынады.

2-ойын «Түсті тап»

Мақсаты: заттардың түсін тауып, тани білу іскерлігін анықтау; түстің заттың пішініне, өлшеміне, неден жасалғанына қатысы болмайтындығы туралы білімдерді қалыптастыру; қимыл-қозғалыс белсенділігін дамыту.

Тәрбиешінің белгі беруімен балалар бөлмеден түсі аталған заттар іздейді және сол затқа қолдарын тигізіп көреді. Керекті затты таба алмаған немесе затты ең соңғы тапқан бала ойыннан шығады.

2-ойын. «Заттарды кім көбірек атай алады?»

Мақсаты: заттарды айтылған белгілері бойынша таңдау іскерлігін бекіту; есте сақтауды дамыт; қоршаған дүние туралы білімді кеңейту.

Балаларды айқын белгілері бар заттарды атауларын сұрайды. (өлшемдері жағынан – жалпақ, жіңішке, биік, төмен; жасалған материалы бойынша – ағаш, шыны металл, резеңке т.б.) әрбір дұрыс жауап үшін фишка береді. Кім фишканы көп жинайды сол жеңімпаз болады.

3-ойын: «Затты тап»

Мақсаты: заттардың негізгі белгілерін бөліп көрсету іскерлігін қалыптастыру; есте сақтауды дамыту. Бөлме ішіндегі бір затты оның атын атамастан сипаттайды.

Мысалы: «Сары түсті домалақ зат, онымен ойнауға болады». Бірінші болып жауап берген бала қалған балаларға осыған ұқсас өз тапсырмасын ұсынады. Табуға ұсынылған заттың сипаттамасының толық және түсінікті дәрежеде болуын қадағалайды.

Сергіту сәті.

Ү.Дәптермен жұмыс.

1-тапсырма: заттардың оларға тән белгілерін анықтау және заттарды түстері бойынша салыстыру.

2 – тапсырма: заттың неге арналғанын және заттың қандай материалдан жасалғанын анықтау.

-Заттарға ортақ нәрсе не?

3-тапсырма. Заттарды кейбір белгісі бойынша ажырату.

-Қайшы мен бұрауыштың қандай ортақ қасиеті бар (металдан жасалған)? Қалам мен щетка ше(түсі)?

«Торкөздерде» орындалатын тапсырма.Ұсақ қол қимылдарын дамыту.

ҮІ.Рефлексия.

2 – сабақ.

Тақырыбы:Бірдей.Әртүрлі.Заттарды әртүрлі белгілері бойынша салыстыру. Геометриялық фигуралар туралы жалпы түсініктер (шеңбер, сопақша, үшбұрыш, шаршы, тіктөртбұрыш)

Мақсаты:геометриялық фигуралардың атауымен (шеңбер, шаршы, сопақ, тіктөртбұрыш, т.б.) осы фигураларды басқа пішіндердің арасынан табуға үйрету.

Көрнекіліктер: доп, заттардың суреттері, геометриялық фигуралары бар карточкалар.

Үлестірме материал:сурет салатын қағаз, фишкалар.

Оқу іс – әрекетінің барысы.

I. Ұйымдастыру кезеңі.Психологиялық дайындық.

III.Негізгі білімді тиянақтау.

Мақсаты: заттарды әртүрлі белгілері бойынша салыстыру анықтау; ойын дамыту.

Тақтаға суреттер ілінеді (құс, сары көбелек, сары жейде қызыл кеудеше, қызыл раушан гүлі, түймедақ) .

-Біз «Керекті затты тап» дейтін бойжазу өткіземіз.

Заттың сипаттамасын айтып, допты балаға лақтырады. Бала жауап беріп допты лақтырады.

-Ұшады, бірақ құс емес. (Көбелек.)

-Сары түсті зат, жәндік емес. (Сары жейде)

ІҮ. Жаңа материалды меңгеру. Ойын іс – әрекеті.

Заттарды тәжірибелік түрде (көзбен қарау жолымен) салыстыру жұмысы жүргізіледі. Геометриялық фигуралар туралы бастапқы түсініктерін анықтайды. Бір белгісі бойынша бірдей заттар мен фигуралардың басқа белгілері бойынша әртүрлі бола алатынына сабақ барысында көздері жетеді.

1 – ойын: «Сипаттамасы бойынша суретін сал»

Мақсаты: заттарды әрт.рлі белгілері бойынша салыстыру олардың қасиеттері мен айырмашылықтарын «бірдей», «әртүрлі» деген сөздерді қолдана отырып табу іскерлігін қалыптастыру; геометриялық фигуралар туралы түсініктерін анықтау және қалыптастыру; есте сақтау мен ойша қиялдауды дамыту.

Қағазға сурет салу. Мәтінді баяу екі рет оқу. «Сары үй. Үйдің шатыры жасыл, үшбұрышты. Есігі- жасыл, тіктөртбұрыш. Кішкентай терезесі- көк түсті, шаршы пішіндес балалар мәтінді көздерін жұмып отырып тыңдау, сосын көзін ашып, үйде есте сақтағандары бойынша салу.

2-ойын: «Бірдей - әртүрлі»

Мақсаты: «Бірдей», «Әртүрлі» деген сөздерді қолдана отырып геометриялық фигураларды әртүрлі белгілері бойынша салыстыру іскерлігін қалыптастыру топпен жұмыс.

Геометриялық фигуралар салынған карточкалар жұптарын көрсетеді. Олар қызыл үшбұрыш және қызыл шеңбер, көк үшбұрыш және жасыл үшбұрыш, т.б. Қандай белгі бойынша бұл фигураларды бірдей немесе әртүрлі деп айтуға болатынын табуын керек. Әрбір топ жауаптарына жұлдыз жинаған топ жеңіске жетеді.

3 – ойын: «Затты тап»

Мақсаты: геометриялық фигуралар туралы білімдерді қалыптастыру; қоршаған дүние туралы білімді кеңейту; топпен жұмыстың іскерлігін дамыту.

Топқа бөлініп, топ басшысын сайлайды. Әрбір топтың басшысы геометриялық фигура салынған карточканы суырады. Таңдап алған фигураға қоршаған ортадан ұқсас заттарды атау.

Сергіту сәті.

ІҮ. Дәптермен жұмыс.

1-тапсырма: заттарды жән өлшемі бойынша салыстыру. Сөйлеу мәдениетін дамыту.

Киімі кіл инеден

Дұрысы - оған тимеген. (Кірпі)

-Суреттегі кірпілер бірдей ме? Олар бір – біріне несімен ұқсас және бір – бірінен қандай айырмашылықтары бар?

2 – тапсырма: Геометриялық фигуралар туралы түсініктерді анықтау.

3-тапсырма: Фигураларды пішіні мен өлшемі бойынша салыстыру.

4 – тапсырма: Фигураларды түсі, пішіні, өлшемі бойынша салыстыру. Заңдылықтарын анықтау. Логикалық ойлауды дамыту.

«Торкөздерде» орындалатын тапсырма. Ұсақ қол қимылдарын дамыту.

ІҮ.Рефлексия.

3 – сабақ.

Тақырыбы: Заттардың белгілерінің өзгеруі.

Мақсаты: заттардың өзгерістерін көру және өзгерістердің қандай белгілер бойынша орын алғанын анықтау іскерлігін қалыптастыру.

Көрнекіліктер: доп, жеміс – жидектер немесе геометриялық фигуралар салынған суреттер.

I.- Ұйымдастыру кезеңі. Психологиялық дайындық.

II. Негізгі білімді тиянақтау.

Мақсаты: заттардың белгілері туралы бұрын меңгерген білімдерді анықтау; ойын дамыту.

-Біз «Ұқсас нәрсе айт» деген бойжазу өткіземіз.

Тәрбиеші бір сөзді айтып, допты балаға лақтырады. Бала мағынасы ұқсас сөзді айтып, допты қайта лақтырады.

-Үлкен-(зор)

-Батыл -(ержүрек)

-Қатқыл-.....(тығыз)

-Көңілсіз-.....(жабырқау)

-Суық-.....(салқын)

Бойжазу әрі қарай «Қарама – қарсы нәрсе айт» тақырыбында өтеді.

-Үлкен-....(кішкентай)

-Батыл-.....(қорқақ)

Қатқыл-(жұмсақ)

Көңілді-.....(қуанышты)

III. Жаңа материалды меңгеру. Ойын іс – әрекеті.

Заттарды салыстыру бойынша жұмыс жалғасады. Сабақ барысында балалар заттың қандай белгі бойынша өзгергенін анықтауды және заттың өзгергенге дейінгі және өзгергеннен кейінгі белгісіне салыстырмалы талдау жасауды үйренеді. Мысалы «Шаршының түсі өзгереді. Шаршы қызыл еді, енді көк болды». Материалды бекіту үшін тәрбиеші ойын ойнауды ұсынады.

1-ші ойын. «Жүргізушіні тап»

Мақсаты: «Жүргізуші» жағдайының өзгерістеріне тез жауап қату іскерлігін қалыптастыру; байқампаздықты және зейінді дамыту; қимыл – қозғалыс белсенділігін дамыту;

Ойынға қатысулар шеңберге тұрады. Санамақтың көмегімен «аңшы таңдап алынады, ол бөлмеден уақытша шығып кетеді. Қалған балалардың арасынан «жүргізуші» таңдап алынады. Сосын «аңшы» қайтып оралады да шеңбердің ортасына тұрады, ал «жүргізуші» әртүрлі қимылдар көрсете бастайды. Қалған қатысушылар оның соңынан қайталайды. «Аңшының» міндеті – «жүргізушіні» анықтау. Бұл үшін оған үш рет мүмкіндік береді. Егер таба алса, онда «аңшы» жай қатысушы болады, ал «жүргізуші» «аңшы» болып, бөлмеден шығады. Жаңадан «жүргізуші» таңдайды, сөйтіп ойын жалғасады.

2-ші ойын. «Не өзгерді»

Мақсаты: заттардың белгілері мен орналасуына есте сақтағаны бойынша салыстырмалы талдау жасауды жүзеге асыру іскерлігін қалыптастыру.

Тақтаға жемістер салынған суреттерді қатар іледі. (қызыл алма, көк алмұрт, сары лимон, қызғылт апельсин). Балалар суреттерді 10 секунд уақыт қарайды, сосын көздерін жұмады. Лимон мен апельсин суреттерінің орнын ауыстырады және қызыл алманың суретін ауыстырады. Балалар көздерін ашып не өзгергенін айтып береді.

Сергіту сәті.

IV. Оқу құралдағы жұмыс.

1-тапсырма. Өзгерістердің қандай белгі бойынша өткенін анықтау.

2-тапсырма. Фигуралардың өлшемі, пішіні, түсі бойынша өзгеруі.

3-тапсырма. Геометриялық фигураларды анықтау.

4-тапсырма. Заттың әртүрлі белгілері бойынша салыстыру.

-Суреттер несімен ұқсас және айырмашылықтары қандай?

5-тапсырма. Фигуралардың белгілерін анықтау және салыстыру.

«Торкөздерде» орындалатын тапсырма. Ұсақ қол қимылдарын дамыту.

V. Рефлексия.

4 сабақ.

Тақырыбы: Заттарды топтарға біріктіру.

Мақсаты: Заттарды топтарға біріктіру, оларды топтарға бөлу және берілген белгілері бойынша заттарды топтан ажырату іскерлігін қалыптастыру; «жиынтық», «жиынтық элементтері» түсініктерімен танысу; тұтас түтін ретіндегі жиынтық туралы түсінікті қалыптастыру.

Көрнекіліктер: доп, заттардық суреттері, фигуралар салынған карточкалар.

I. Ұйымдастыру кезеңі. Психологиялық дайындық.

II. Негізгі білімді тиянақтау.

Мақсаты. Жаңа тақырыпты оқып игеруге дайындық мақсатында заттар туралы бұрын меңгерген білімдерді тексеру; ойын дамыту.

-Біз «Бір сөзбен ата» дейтін бойжазу өткіземіз

Бірнеше затты атап, допты балаға лақтырады. Бала жалпылауыш сөзді атап, допты қайта лақтырады.

-Шәйнек, кастрол, тәрелке. (Ыдыс)

-Қызғалдақ, раушан, түймедақ. (Гүлдер)

-Түлкі, аю, қоян. (Аңдар)

Диван, үстел, шкаф. (Жиһаз)

-Үшбұрыш, шаршы, шеңбер. (Фигуралар)

III. Жаңа материалды меңгеру. Ойын іс – әрекеті.

Балалар заттар туралы ақпаратты талдауды, қорытындылауды, заттарды ортақ және ерекше белгілері бойынша жіктеуді үйренеді. Балаларды «жиынтық», «жиынтық элементтері» түсініктерімен таныстырады және жинақ біртекті заттардан ғана емес, сол заттардың белгілері бар бөлшектерден де құралуы мүмкін екендігін түсіндіреді. Мысалы: «Көлік» жиынтығын әуе көлігіне (ұшақ, тікұшақ), су көлігіне (қайық, кеме), т.с.с. бөлуге болады. Материалды бекіту үшін ойын ойнауды ұсынылады.

1-ші ойын. Жиынтық жина.

Мақсаты: заттарды жиынтықтарға біріктіру іскерлігін қалыптастыру.

Тақтаға екі сурет ілінген (домалақ қызыл доп, домалақ қызыл үрмелі шар). 3 қатысушыны кезек-кезек шақырады және жиынтық шығу ұсынылған суреттердің ішінен домалақ жасыл алма, пирамида, қызыл шәйнек осы суреттерге қосуға тағы біреуін тандап алауды ұсынады. Бала неліктен осы суретті тандағанын (яғни жиынтықты ол қандай белгі бойынша жинағанын) түсіндіруге тиіс.

2-ші ойын. Жиынтықтарға бөл.


Мақсаты: заттарды жиынтықтарға бөлу іскерлігін қалыптастыру; командада жұмыс істеу іскерлігін дамыту.

Командылар бойынша жұмыс істеу. Әр командаға заттардың суреттерін таратады бәрінен бір командаға киімдердің суреттерін, екінші командаға ыдыстардың суреттерін береді. Балалар суреттерді жиынтықтарға бөлу және қандай белгі бойынша бөлінгендерін айтып берулері керек. (Мысалы: түсі бойынша неге арналған бойынша т.б.). Қай команда бөлу нұсқаларын көп ұсынса, сол жеңеді.

3-ші ойын. Не қалды?

Мақсаты: заттарлы жиынтықтардан берілген белгісі бойынша бөлу іскерлігін қалыптастыру.

Тақтаға фигуралар салынған карточкалар ілінген (үлгіні қараңыз). Бірінші қатысушыға тәрбиеші барлық үшбұрыштарды тақтада қалдыруды, ал басқа фигураларды алып тастауды ұсынады. Екінші қатысушы тақтада барлық үлкен фигураларды қалдырып басқаларын алып тастау керек. Үшінші қатысушы тек ақ фигуралар ғана қалуға тиіс. Ойынды басқа фигуралармен қайталауға болады.



Сергіту сәті.

IV. Дәптермен жұмыс.

1-тапсырма. Заттардың жиынтықтарға қандай белгілері бойынша біріктірілгенін анықтау. Сөйлеу мәдениетін дамыту.

2-тапсырма. Фигураларды жиынтықтарға көрсетілген белгі бойынша бөлу.

3-тапсырма. Затты жиынтықтан кейбір белгісі бойынша бөліп алу.

«Төргөздерге» орындалатын тапсырма. Ұсақ қол қимылдарын дамыту.

V. Рефлексия.

5-сабақ.

Тақырыбы: Сол жақ-оң жақ.

Мақсаты: өзіне және алынған нысандарға қатысты сол жақ – оң жақ кеңістіктік қатынастарын қалыптастыру оң қол мен сол қолды ажырату іскерлігін дамыту.

Көренекіліктер: доп, заттардың суреттері, фигуралар салынған карточкалар.

I. Ұйымдастыру кезеңі. Психологиялық дайындық.

II. Негізгі білімді тиянақтау.

Мақсаты: жаңа тақырыпта оқып игеруге дайындық мақсатында оң қолмен сол қолды ажырату іскерлігін тексеру, ойын дамыту.

-Біз «Қолды көтер» дейтін бойжазу.

Тәрбиеші баланың есімін айтып, сол бала оң сол қолын көтеруін сұрайды.

III. Жаңа материалды меңгеру. Ойын іс-әрекеті.

Балалардың үш өлшемді кеңістіктегі кеңістіктік түсініктерін кеңейту бойынша жұмыс жалғасады. Осы тұста бұл сабақта сол-оң жақ қатынасына ерекше көңіл бөлінеді. баланың қоршаған заттарға қатысты өзінің орнын және өзіне қатысты қоршаған заттарың орынын анықтайтын жаттығулар тиімді.

1-ші ойын. Керісінше жаса».

Мақсат: сол жақ –оң жақ, сол жақтан-оң жақтан, солға-оңға , т.б. кеңістіктік қатынастарды қалыптастыру.

Балалар тақтаға шығып, тәрбиешіні қоршап тұрады. Тәрбиеші сол көздерін көрсетулерін сұрайды, балалар оң көздерін көрсетулері керек. Тәрбиеші оң қолдарын бір жандарына созуларын сұрайды, балалар сол қолдарын бір жандарына созулары керек. Әр тапсырма сайын ойын екпіні жылдамдай түседі. Қателескен балалар ойыннан шығып, өз орындарына отырады. Бірде бір қателік жеберменген бала жеңіске жетеді.

2-ші ойын. Көзінді жұмып, есіңе түсір.

Мақсаты сол жақтан-оң жақтан кеңістіктік қатынастарын бекіту кеңістікте бағдарлау және заттың тұрған жерін есте сақтағанын бойынша анықтау іскерлігін дамыту, есте сақтауды дамыту.

Қатысушыларды шығарып бөлме ішін 30 секунд уақыт қарап алуды ұсынады. Бірінші қатысушы (оның сұраққа жауап берген соң ғана көзін ашуына болады) ал тәрбиеші Аквариум терезенің оң жағында ма әлде сол жағында ма? деп сұрақ қояды. Бала дұрыс жауап берсе, онд ол ойында қалады, ал дұрыс жауап бере алмаса ойынан шығып орынына отырады. Тәрбиеші келесі қатысушыға сұрақ қояды. Бәрінен көп дұрыс жауап бере алған бала жеңіске жетеді.

Сергіту сәті.

IV. Дәптермен жұмыс.

1-тапсырма. Сол жақ – оң жақ кеңістіктік түсініктерін анықтау.

2-тапсырма. Сол жақ-оң жақ, сол қол-оң қол түсініктерімен жұмыс.

-Қыздың ол жағында не тұр?

3-тапсырма. Заңдылықты анықтау.

4-тапсырма. сол жақ-оң жақ, сол жақтан –оң жақтан, артқы жағы –алдыңғы жағы түсініктерін бекіту.

5-тапсырма.Графикалық жұмыс. Төркөз қағаз бетіне бағдарлау. Айнадағы кескін.

Төркөздерге орындалатын тапсырма. Ұсақ қол қимылдарын дамыту.

Ү. Рефлексия.

6-сабақ.

Тақырыбы: Уақыт реттілігін анықтау.

Мақсаты: уақыттық түсініктерді (кеше-бүгін-ертең, алдымен-кейін, ертелеу-кештеу) дамыту. Оқиғалардың реттілігін анықтау іскерлігін анықтау.

Көрнекіліктер: доп, дануарлардың суреттері мақта қыз ертегісінің кейіпкерлерінің суреттері, үлестіірмелі карточкалар, түрлі түсті қағаздан жасалған балық детальдар, оқиғалар реттілігі салынған сурет.

I. Ұйымдастыру кезеңі. Психологиялық дайындық.

II. Негізгі білімді тиянақтау.

Мақсаты: жаңа тақырыпты оқып меңгеру мақсатында бұрын меңгерген білімдерді тексеру, ойын дамыту.

-Біз Өскенде кім болады? Деп аталатын болжау өткізеді.

Тәрбиешы жануардың атын атап, допты лақтырады. Бала оның өскенде не болатынын айтып, допты қайта лақтырады. Жауаптың дұрыстығын тексеру үшін тәрбиеші соған сәйкес суретту (құлын мен ат, балапан мен тауық, бұзау мен сиыр, лақ пен ешкі, қозы мен қой)көрсетеді.

-Құлын...(ат)

-Балапан...(тауық)

-Бұзау...(сиыр)

Бойжазудан кейін сабақтың тақырыбын таныстыру.

III. Жаңа материалды меңгеру. Ойын іс-әрекеті.

Уақыт түсініктерді (кеше-бүгін-ертең, алдымен-кейін, ертелеу-кештеу) анықтау мен балалардың күнделікті өмірде осы түсініктерді қолдану іскерлігін біліуге байланысты жұмыс жалғасады. Тапсырмаларды орындай отырып балалардың оқиғалардың уақыт барысында реттелген бір ізділігін анықтауды үйренеді.

-Қанеки, Мақта қыз бен мысық ертегісін еске түсірейік.

Тақтаға сиырдың, ағаштың, қыздардың, сатушының, тауықтың, тышқанның суреттерін іліп қояды.

-Мысық алдымен қайда барады?

-Сосын кімге барады?

-Ол қайда жұмсайды?

-Ең соңына не істейді?

Материалды бекіту үшін ойын ойнау.

1-ші ойын. Ерекше іс.

Мақсаты: кеше –бүгін-ертең уақыттық түсініктерін дамыту,әрбір баланың кеше,оның ойынша, басқалар істемеген қандай ерекше іс істегенін есіне түсіруін ұсынады.Мысалаы бассейнге барды, теңіз қырыққабатын жеді т.б. Егер, шынында да кеше онан өзге ешкім мұны істемеген болса,онда бала фишкаға ие болады. Сосын балаларға бүгін қандай ерекше іс істегендерін еске түсіру,ал ертең не істейтіндерін ойлап табуы ұсынылады. Кім фишканы көп жинаса, сол жеңіске жетеді.

2-ші ойын. Балықты құрастыр.

Мақсаты: алдымен-кейін уақыттың түсініктерін дамыту,оқиғалардың реттілігін анықтау іскерлігін қалыптастыру.

Әрбір жұмыс үстеліне түрлі-түсті қағаздан жасалған балықтың бөлшектері(мысалды қараңыз)беріледі. Балалар юалықты жинап,құрастыру керек. Мұны басқалардан жылдам жасаған бала әрбір бөлшекті көрсете отырып және алдымен-кейін деген сөздерді қолдана отырып,жұмыстың қандай жүргенін айтып береді.

3-ші ойын. Оқиғаларды рет-ретімен қой.

Мақсаты ертелеу-кештеу уақыттық түсініктерін дамыту,оқиғалдың реттілігін анықтау іскерлігін қалыптастыру.

Әрбір жұмыс үстеліне бір-бірден суреттер жинағын(мысалы гүлдің өсу кезеңдері) береді және оларды ненің ертелеу (ертерек), ал ненің кештеу (кешірек) жүргені түсінікті болатындай етіп қойып шығуды ұсынады. Сосын тапсырма басқалардан бұрын орындап шыққан балаларға суреттер бойынша шағын әңгіме құрастыру ұсынылады.

Сергіту сәті:

ІҮ. Дәптермен жұмыс.

1-тапсырма. «Алдымен» - «кейін» уақыттық түсініктерімен жұмыс.

2-тапсырма. «Ертелеу»-«кештеу» уақыттық түсініктерімен жұмыс.

-Қане, мысалды қарастырайық: әуелі жұмыртқа болды, сосын одан балапан жарып шықты.

Ай далада ақ отау,

Аузы – мұрын жоқ отау. (жұмыртқа)

3-тапсырма. Іс-әрекеттердің реттілігін анықтау.

«Торкөздерге» орындалатын тапсырма. Ұсақ қол қимылдарын дамыту.

Ү. Рефлексия.

7 сабақ.

Тақырыбы : Уақытты бағдарлау

Мақсаты: тәулік бөліктері мен апта күндері білімдерін және уақыт аралықтарының реттілігінде бағдарлау іскерлігін анықтау; «уақыт сезімін» дамыту. Күн режимі мен оны сақтау қажеттілігі түсініктерін қалыптастыру.

Көрнекілігі: доп, адамдардың суреттері, фишкалар.

I. Ұйымдастыру кезеңі. Психологиялық дайындық.

II. Негізгі білімді тиянақтау.

Мақсаты: тәулік бөліктері, апта күндері мен олардың реттілігі туралы бұрын меңгерген білімдерді тексеру; ойын дамыту.

-Біз «Болған – болады» деп аталатын бойжазу өткіземіз.

Тәрбиеші тапсырманы айтып, допты балаға лақтырады. Бала жауап беріп, допты қайта лақтырады.

-Таң болған, (күн) болады.

-Күн болған, ...(кеш) болды.

-Кеш болған, ...(кеш)болды.

-Түн болған, ...(кеш)болды.

Балаларды мақтап қояды және барлық апта күндерінің аттарын қайталап шығуды ұсынады.

Бойжазудан кейін сабақтың тақырыбын айту.

III. Жаңа материалды меңгеру. Ойын іс-әрекеті.

Балалар тәулік бөліктері мен апта күндерінің реттілігін кеңістік – уақыттық қатынастарды білдіретін сөздердің («алдында», «артында», «кейін» т.с.с.) көмегімен анықтауды үйренеді. Балалар уақыттық аралықтардың ұзақтығы туралы білімдер анықталып, кеңейді, демалыс және жұмыс күндері, олардың заңдылықтары мен кезектесіп келуі туралы түсініктер қалыптасады. Бұл материалды балалар «Таңертең ерте кім жұмыс істейді? Түнде не болды? Дүйсенбі күні сендерде қандай сабақтар өтеді? Өзіңнің күн режимің туралы айтып бер», т.с.с. өмірлік жағдайлардың мысалында оғай қабылдайды. Күн режимін сақтау мен уақытты үнемдеудің маңыздылығына көп көңіл аударады. Ойын ойнау ұсынады.

Балалар, оқуға бар, жатпа қарап,

Жуынып, киіңдер шапшаңырақ.

Шақырады тауық мана әлдеқашан,

Қарап тұр терезеден күн сығалап.

-Тауық қай мезгілде шақырады?

Мақсаты: тәулік бөліктері туралы түсініктерді бекіту.

Адамдардың тәуліктің әр мезгіліндегі іс-әрекеттерін бейнелейін суреттерді көрсетеді. Балалар мұның қай уақытта болуы мүмкін екенін айтып берулері керек. Мысалы: «Бала тісін тазалап жатыр.» бұл таңертең ұйқыдан тұрған соң, кешке ұйықтар алдында алдында, әр жолы тамақтанған соң болуы мүмкін. Әр дұрыс жауап үшін тәрбиеші фишка береді. Кім фишкаларды бәрінен көп алса, сол жеңеді.

2-ші ойын. «Бұл қай кезде болады?»

Мақсаты: тәулік бөліктері мен апта күндерінің реттілігін кеңістіктік – уақыттық қатынастарды білдіретін сөздердің («алдында», «артында», «кейін», т.с.с.) көмегімен анықтау іскерлігін қалыптастыру; зейінді дамыту.

Ойынға қатысушылар қатар түзеп тұрады. бірінші қатысушыға қарап «Таңертеңгілік уақыт...кейін болады», «Сейсенбі ... аралығында болады» деген сияқты сөздерді айтады. Қатысушы тиісті сөздерді айтып, сөйлеуді толықтыруы керек. Егер бала дұрыс жауап берсе, онда ойында қатал береді, ал дұрыс жауап бере алмаса – ойыннан шығып, орнына барып отырады. Келесі қатысушыға толықтыруға сөйлем ұсынады. Әр жолы ойын екпіні жылдамдатыла түседі. Ойында бәрінен ұзақ шыдаған бала жеңіске жетеді.

Сергіту сәті:

IV. Дәптермен жұмыс.

1-тапсырма. «Аңсардың күн режимі» суреті бойынша жұмыс. Сөйлеу мәдениетін дамыту.

2- тапсырма. Тәулік мезгілдері туралы түсінікті дамыту.

-Ұлжан таңертең не істеді? Күндіз ше? кешке ше?

«Торкөздерге» орындалатын тапсырма. Ұсақ қол қимылдарын дамыту.

Ү. Рефлексия.

8 сабақ.

Тақырыбы: Уақытты бағдарлау.

Мақсаты: жыл мезгілдерін, айларын ретімен атау іскерлігін дамыту; уақыттың кезеңдігімен қайтымсыздығы туралы түсінікті қалыптастыру.

Көрнекілігі: доп, жыл мезгілдерінің суреттері, т.б.

I.ұйымдастыру кезеңі. Психологиялық дайындық.

II. Негізгі білімді тиянақтау.

Мақсаты: уақыттық түсініктер туралы бұрын меңгерген білімдерді анықтау; ойын дамыту.

-Біз «Тезірек ата» деп аталатын бойжазу.

Тәрбиеші тапсырманы айтып, допты балаға лақтырады. Бала жауап беріп, допты қайта лақтырады.

-Кез келген жыл мезгілін ата.

-Кез келген апта күнін ата.

-Кез келген айды ата.

-Кез келген жыл мезгілінің ай аттарын ата.

III. Жаңа материалды меңгеру. Ойын іс-әрекеті.

Балалар барлық жыл мезгілдерінің аттарын атайды.

Күз.

Көктем.

Күз айы бастайды,

Көктемді көңілді,

Құстар қайта бастады.

Құстар кеп жатқанда.

Жапырақ сарғайып,

Құлпыртып өңірді.

Жерге түсе бастады.

Гүл ектік бақтарға.

Қыс.

Жаз.

Жапалақтап ала қар,

Жайқалып жапырақ.

Жауды күнде қайталап.

Құлпырып қызғалдақ.

Қырға шықты балалар,

Тұратын көз тартып,

Шаңғыларын арқалап.

Жаз келді күншуақ.

Сосын балалар барлық ай аттарын атайды. Уақыттың ауыспалығы, кезеңдігі және қайтымсыздығы туралы түсінікті бекіту бойынша да жұмыс жүргізіледі. Балалар айлардың, жыл мезгілдердің реттілігін тұрақты екендігін анықтайды (бейсенбі қашан да сәрсенбінің орнына, ақпан – қаңтардың, жаз көктемнің орнына келеді, т.с.с.) ойын ойнау ұсынылады.

1-ші ойын. «Алақаныңды соқ-соқпа»

Мақсаты: жыл мезгілдері мен ай аттары білімін бекіту; зейінді дамыту.

Ай, жыл мезгілдері, жыл мезгілдерінің ай аттарын еркін түрдегі кезекпен атайды. Балалар міндеті – егер жыл мезгілінің (айдың) атауын естісе, алақандарын соғу, басқа атаса-қолдарын жоғары көтеру, қателік жібермеген балалар жеңіске жетеді.

2-ші ойын: «Одан әрі не болды?»

Мақсаты: жыл мезгілдері, жыл мезгілдерінің айлары, айлардың ретімен атау іскерлігін дамыту; уақыттың кезеңдігі мен қайтымсыздығы туралы түсінік қалыптастыру; зейінді дамыту.

Ойынға қатысушыларға кез келген жыл мезгілін (айды) атайды. Қатысушы осы айтылғаннан кейін келесі жыл мезгілін (айды) айтуы керек. Егер бала дұрыс жауап берсе, онда ойында қала береді, ал дұрыс жауап бере алмаса – ойыннан шығып, орнына барып отырады. Кез келген қатысушыға сұрақ қойылды. Әр жолы ойын екпінсіз жылдымдатыла түседі. Ойында бәрінен ұзақ шыдаған бала жеңіске жетеді.

Сергіту сәті:

ІҮ.Дәптермен жұмыс.

1-тапсырма. «Айлар суреті бойынша жұмыс. Сөйлеу мәдениетін дамыту.

2-тапсырма.жыл мезгілдері туралы түсінікті дамыту.

«Торкөздерге» орындалатын тапсырма. Ұсақ қол қимылдарын дамыту.

Ү.Рефлексия.

9- сабақ.

Тақырыбы: Сызықтар. Түзу сызық. Қисық сызық. Тұйық сызық. Тұйықталмаған сызық.

Мақсаты: «сызық» түсінігін қалыптастыру; түзу және қисық, тұйықталған және тұйықталмаған сызықтарды бір-бірінен ажырату іскерлігін дамыту; тұйықталмаған және тұйықталған сызықтарды қоршаған ортадан табу іскерлігін қалыптастыру.

Көрнекіліктер: доп, көз байлайтын орамал, санақ таяқшалар.

І.ұйымдастыру кезеңі. Психологиялық дайындық.

II. Негізгі білімді тиянақтау.

Мақсаты: жаңа білімді енгізу қажеттілігін танытатын жағдайды көрсету;

Тақтада алдын ала іртүрлі сызықтар салынған.

- Біз «Сызықты ата» дейтін бойжазу өткіземіз.

Сызық атауларының нұсқаларын (түзу, қисық, қиғаш, толқынды, көлбеу, т.с.с.) білем дейтін бала қолын көтереді. Тәрбиеші ол балаға допты лақтырады. Бойжазудан кейін тәрбиеші сабақтың тақырыбын жариялайды.

III.Жаңа материалды меңгеру. Ойын іс-әрекеті.

Балалар сызықтар (Сызықтар. Түзу сызық. Қисық сызық. Тұйық сызық. Тұйықталмаған) туралы жалпы түсініктерге ие болады . талқылау барысында балалар сызықты (2түстің шекарасы, қағазды кесудің нәтижесі, керілген жіптер, автокөліктің жолы, т.с.с.) қалай алуға болатынын анықтайды, сызықтарды қоршаған ортадан табады, сызықтың бастауы мен соңы болмайтынын ұғынады. Материалды бекіту үшін тәрбиеші ойын ойнауды ұсынады.

1-ші ойын. «Түзу сызықпен жүріп өту»

Мақсаты: «түзу сызық», «қисық сызық» түсініктерімен тәжірбиелік түрде танысу; қимыл-қозғалыс үйлесімділігін дамыту.еденге түзу (қисық) сызық салады. Ойынға қатысушыларды міндеті – осы сызықтың бойымен аяқты бір де бір рет жаңылыс баспастан жүріп өту. Олар мұны әуелі (жаттығу есебінде) көздері ашық күйде жасайды,

сосын олардың көздерін орамалмен байлайды басқаларға қарағанда ең түзу жүріп өткен бала жеңеді.

2-ші ойын: «түзу сызық», «қисық сызық» түсініктерін бекіту; ұсақ қол қимылдарын дамыту;

командада жұмыс істеу іскерлігін дамыту; қимыл-қозғалыс белсенділін дамыту.

Топ бойынша жұмыс істеу. Әр топ мүшелері сап түзеп тұрады. Әр топтан белгілі бір қашықтықта бетінде саны бірдей санақ таяқшалары бар үстелдер тұрады. топтардың міндеті – санақ таяқшасын екі нынашақпен қысып, барынша тез жылдамдықпен өз үстелінде түзу сызық етіп қойып шығу.

Қатысушылар бірінен соң бірі кезектесіп ойнайды. Әрбір қатысушы бір ғана таяқша қоюы керек, сосын келесі ойыншыға орын береді. Тапсырманы дұрыс және басқалардан тез орындап шыққан команды жеңіске жетеді.

Сергіту сәті:

ІҮ.Дәптермен жұмыс.

1-тапсырма. Сызықтарды салыстыру. «Түзу сызық», «қисық сызық», «тұйықталмаған», «тұйықталған қисық сызық» түсініктерімен жұмыс.

2-тапсырма. Графикалық жұмыс. Түзу және қисық, тұйықталған және тұйықталмаған сызықтарды бір-бірінен ажырата білу іскерлігін дамыту.

3-тапсырма. Сызықтарды пішіні мен бағыты бойынша салыстыру. Зейінді дамыту.

4-тапсырма. Екі өлшемді кеңістікте бағдарлау. Зейінді дамыту.

«Торкөздерге» орындалатын тапсырма. Ұсақ қол қимылдарын дамыту.

Ү.Рефлексия.

10-сабақ.

Тақырыбы: Нүкте, сәуле, бұрыш, кесінді.

Мақсаты: «Нүкте», «сәуле», «бұрыш», «кесінді» түсініктерін қалыптастыру; оқып-меңгерілетін фигураларды құруды ерекшеліктерімен таныстыру; Нүкте, сәуле, бұрыш, кесіндіні бір-бірінен ажырату іскерлігін дамыту.

Көрнекіліктер: доп, сурет салуға арналған қағаз.

I.Ұйымдастыру кезеңі. Психологиялық дайындық.

II. Негізгі білімді тиянақтау.

Мақсаты: жаңа білімді енгізу қажеттілігін танытатын жағдайды көркету; лынып қойылады.

Тақтада алдын ала бірнеше нүкте салынып қойылады.

- Біз «Нүкте дегеніміз не?»дейтін бойжазу өткіземіз.

Жауап нұсқаларын (дөңгелекше, қаламмен, фломастермен малған белгі, т.с.с.) білем дейтін бала қолын көтереді. Тәрбиеші ол балаға допты лақтырады. Ол жауап беріп, допты қайта лақтырады. Бойжазудан кейін тәрбиеші сабақтың тақырыбын жариялайды.

III.Жаңа материалды меңгеру. Ойын іс-әрекеті.

Балалар нүкте, сәуле, бұрыш, кесінді және оларды құру әдістерімен танысады. Балаларға торкөз қағаз бетінде бағдарлау іскерлігін дамытуға арналған тапсырма (тордың ортасына, тордың ол жақ жоғары бұрышына нүктелер салу, т.с.с.) берген пайдалы. Балалар сызуда түзу мен кесіндіні ажыратуды үйренеді. Олар кесіндінің ұштары нүктелермен немесе штрихтармен белгіленетінін, ал түзуді салғанда мұндай шарттардың жоқ екендігін ұғынулары керек. Балалар сызудан түзумен кесіндіні ажыратуды үйренеді. Олар кесіндінің ұштары нүктелермен немесе штрихтармен белгіленетін, ал түзуді салғанда мұндай шарттардың жоқ екендігін ұғынулары керек. Балалар кесіндіні қағаз алса да түзу сызықты қағаз бетінде орналастыруға болмайтыны туралы қорытынды жасайды. Материалды бекіту үшін тәрбиеші ойын ойнауды ұсынады.

1-ші ойын. «Нүкте арқылы сызық жүргіз»

Мақсаты: фигураларды құрастыру ерекшеліктерімен таныстыру; топпен жұмыс істеу іскерлігін дамыту; қимыл – қозғалыс белсенділігін дамыту.

Топтар бойынша жұмыс істеу. Тақтада бірнеше нүкте салынаған (әр команда үшін бір-бір нүктеден). Қатысушылардың міндеті – барынша тез жылдамдықпен нүкте арқылы көптеген сызықтар жүргізу. Тәрбиешінің белгі беруімен әр топтың қатысушысы тақтаға жүгіріп жетіп, бір сызық жүргізуі, срсын командаға қайтып келіп басқалардан тез орындап шыққан команда жеңіске жетеді. Ойынның күрделендірілген нұсқасы: нүкте арқылы кесінділер немесе сәулелер жүргізу керек.

2-ші ойын. «Фигураларды есте сақтап қал және сал.»

Мақсаты: геомертриялық фигуралар: түзу, сәуле, бұрыш, кесінді, қисық сызықты бейнелеу іскерлігін қалыптастыру; зердені, ұсаққол қимылдарын дамыту.

Тәрбиеші тақтаға фигураларды кезекпен-кезек салады (түзу сызық, сәуле, бұрыш, кесінді, қисық сызық). Әр фигура 5-6 сек көрсетіледі, сосын оны өшіріп тастап, орнына басқасы салынады. Сосын тәрбиеші сурет салуға арналған қағаз таратады және осы фигураларды тәрбиеші қандай реттілікте сызса, сондай реттілікте сызып шығасындар деп тапсырма береді.

Сергіту сәті:

ІҮ.Дәптермен жұмыс.

1-тапсырма. Графикалық жұмыс. «Нүкте», «сәуле», «бұрыш», «кесінді» түсініктерімен жұмыс.

2-тапсырма. Графикалық жұмыс. Сәуле мен кесіндіні, сәуле мен бұрышты, кесінді мен бұрышты бір-бірінен ажырату іскерлігін дамыту.

Орман кезіп тынбай,

Аңдығаны тышқан.

Күн көзінен тығылып,

Түнде ғана ұшқан. (жапалақ)

Жапалаққа фигураны үлгі бойынша қоршап шығу.

«Торкөздерге» орындалатын тапсырма. Ұсақ қол қимылдарын дамыту.

Ү.Рефлексия.

11сабақ.

Тақырыбы: Бір. Көп. 1 саны мен цифры. Жол. Баған.

Мақсаты: жиынтықтан жекеленген заттарды бөліп алу іскерлігін дамыту;

Көрнекіліктер: доп, көз байлайтын орамал, санақ таяқшалар.

І.ұйымдастыру кезеңі. Психологиялық дайындық.

II. Негізгі білімді тиянақтау.

Мақсаты: жаңа тақырыпты оқып-меңгеруге дайындық мақсатында бұрын меңгерген санау дағдыларын тексеру;

- Біз «Бөлмеде не бар?» деп аталатын бойжазу өткіземіз.

Тәрбиеші сұрақ қойып, допты балаға лақтырады. Бала жауап беріп, допты қайта лақтырады. Сұрақтарды кезектестіріп береді, осымен қатар балалардың жауаптарының қайталанбауын бақылайды.

- Біздің бөлмемізде не туралы «ол біреу» дер айтуға болады?
- Біздің бөлмемізде не туралы « ол көп» деп айтуға болады?

Бойжазудан кейін тәрбиеші сабақтың тақырыбын жариялайды.

III.Жаңа материалды меңгеру. Ойын іс-әрекеті.

Көрнекі суреттер мен ойын жағдайларының мысалында балалар «Неше» (Қанша?)

деген сұрақта қоюды үйренеді. Өз жауаптарында балалар «біреу» және «көп» деген сөздерді қолданады. Тәрбиеші тақтаға 1саны бар карточка іледі; 1 санының қалай шығатының түсіндіреді; «Бізге сандар не үшін керек? Біз сандарды қайда кездестіреміз?» деген тақырыпты талдау өткізу.

2-шә ойын. «Бір және көп»


Мақсаты: «бір» және «көп» ұғымдары туралы түсініктер қалыптастыру.

Балалар тақтаға шығып, тәрбиешінің айнала қоршап тұрады. Тәрбиешінің іс-әрекетін (мысалы: алақан соғу) айтады., сосын «бір» және «көп» деген сөздерді кезекпен айтады. (мысалы: бір, көп,көп, көп, бір, т.с.с) Қателескен балалар ойыннан шығып, орындарына барып отырады. Тәрбиеші одан соң басқа әрекеті атайды. (қол көтеру), сөйтіп ойын жалғасады.

3-ші ойын: «Сұрақ ойлап тап»

Мақсаты: «Неше? (Қанша) сұарғын қоя білу іскерлігін қалыптастыру; заттарды түрлі белгілері бойынша салыстыра іскерлігін дамыту; «кесте», «жол», «баған» түсініктерінмен танысу. Топпен жұмыс істеу іскерлігін дамыту.

Топтар бойынша жұмыс істеу. Әрбір топтың фигуралары бар кесте(төменде) үлестіреді. Топтардың міндеті – неше, қанша, деген сөзбен барынша көп сұрақ ойлап табу, ал жауабы бір немесе көп болуы керек. Мыс: үшбұрыш нешеу? Ақ түсті фигуралар нешеу?



Сергіту сәті:

ІҮ.Дәптермен жұмыс.

1-тапсырма. Жекелеген заттарды жиынтықтан бөліп алу.

2-тапсырма. «Жол» түсінігімен жұмыс.

3- тапсырма. «Баған» түсінігімен жұмыс.

«Торкөздерге» орындалатын тапсырма. Ұсақ қол қимылдарын дамыту.

Ү.Рефлексия.

12- сабақ.

Тақырыбы: 2 саны мен цифры.

Мақсаты: 2 санымен және цифрымен таныстыру. «сандық қатар» түсінігін қалыптастыру; «Неше?» және «Нешінші» сұрақтарын салыстыру.

Көрнекіліктер: доп, 1 , 2 сандары бар карточкалар, заттардың суреттері.

І.ұйымдастыру кезеңі. Психологиялық дайындық.

II. Негізгі білімді тиянақтау.

Мақсаты: жаңа тақырыпты оқып-меңгеруге дайындық мақсатында бұрын меңгерген санау дағдыларын тексеру;

-Біз «Ойланбастан жауап бер» деп аталатын бойжазу өткізу.

Сұрақ қойып, допты лақтырады. Бала жауап беріп допты қайта лақтырады.

- Сенің мұрның нешеу? т.с.с.

III.Жаңа материалды меңгеру. Ойын іс-әрекеті.

1,2 сандары бар карточкаларды іледі;балаларды «сандық қатар» түсінігімен таныстыру; 2цифрының жазылуымен таныстыру;

1-ші ойын: «Сана және көрсет»

Мақсаты: 2-нің көлемінде есептік санау дағдыларын дамыту; зейінді және қимыл-қозғалыс белсенділігін дамыту;

1 немесе 2 зат бейнелеген суреттерді көрсету. Егер суреттегі зат 1-еу болса балалар қолдарын алға соззу керек, егер зат 2-еу болса, онда қолдарын иықтарына қояды. Бірде бір бала қателеспеген бала жеңіске жетеді.

2-ші ойын: «Моншақтарды жина»

Мақсаты: 2-нің көлемінде реттік санау дағдыларын дамыту; фигуралардың қайталану реттілігін құру іскерлігін қалыптастыру.

Балалар тәрбиешіге қарап қатар түзеп тұрады. екі топқа бөлінеді. Әр топқа 2 түсті қағаз дөңгелектердің барлығы пайдаланынатындай етіп құрастыруы керек.

Мыс:

Сергіту сәті:

ІҮ.Дәптермен жұмыс.

1-тапсырма. Суретті 1,2 сөздерін пайдаланып сипаттау;

2-тапсырма. Майрампаздар киімінің бөлшектерінің пішіні мен түсін салыстыру;

3-тапсырма. Логикалық ойлауын дамыту;

«Торкөздерге» орындалатын тапсырма. Ұсақ қол қимылдарын дамыту.

Ү.Рефлексия.

13 сабақ.

Тақырыбы: 3 саны мен цифры.

Мақсаты: 3 санымен және цифрымен танысу; 3-тің көлемінде есептік және реттік санау дағдыларын дамыту.

Көрнекіліктер: доп, 1-3 сандары, карточкалар.

I.Ұйымдастыру кезеңі. Психологиялық дайындық.

II. Негізгі білімді тиянақтау.

Мақсаты: жаңа білімді енгізу қажеттілігін танытатын жағдайда көрсету;

-Біз «Тура келетін сөзді толықтыру» деп аталатын бой жазу.Допты лақтыра отырып,

Қайың, қарағай...(емен)

Сазан, шортан,.....(табан)

Раушан, лала,....(түймедақ)

III.Жаңа материалды меңгеру. Ойын іс-әрекеті.

Бойжазудың қорытындысын жасағаннан кейін әр топқа қатысты неше сөз айтылғанын анықтауды ұсынады. 2 сөз болған енді 3 сөз болды. Бүгін сабақта 1-3сандары бар суреттер арқылы сабақ түсіндіріледі. Бекіту үшін ойын ойнау;

1-ші ойын. «Ошаған»

Мақсаты: 1-2 сандары туралы білімдерді бекіту; 3 санымен және цифрымен танысу; қимыл-қозғалыс белсенділігін дамыту.

Балаларға 1-3 аңдарын беріледі. Балалар ошағанның тікенегін бейнелеп, бөлме ішінде ұшып жүреді.музыка тоқтап қалғанда. Әр бала өз жұптарын тауып алады. Жұбын таба алмаған бала жеңіледі.

Сергіту сәті:

IV.Дәптермен жұмыс.

1-тапсырма. 1,2,3 сөздерін қолданып, суретті сипаттау; 3-тің көлемінде есептік санау. Сөйлеу мәдениетін дамыту;

2-тапсырма. Заттардың белгілерін анықтау; есептік және реттік санау.

3 тапсырма. Фигуралардың белгілерінің өзгеруі.

«Торкөздерге» орындалатын тапсырма. Ұсақ қол қимылдарын дамыту.

Ү.Рефлексия.

14 сабақ.

Тақырыбы:4 саны мен цифры.

Мақсаты: 4 санымен және цифрымен танысу. 4-тің көлемінде есептік және реттік санау дағдыларын дамыту.

Көрнекіліктер: доп, 1-4 сандары бар карточкалар, санақ таяқшалар, геометриялық фигуралар әртүрлі орналасқан плакаттар.

I.Ұйымдастыру кезеңі. Психологиялық дайындық.

II. Негізгі білімді тиянақтау.

Мақсаты: жаңа білімді енгізу қажеттілігін танытатын жағдайды көрсету.

Түрлі тапсырманы айтып, допты балаға лақтырады.бала жауап беріп қайта лақтырады.

III.Жаңа материалды меңгеру. Ойын іс-әрекеті.

Бойжазуда бала неше сөз айтқанын анықтау ұсынылады. Тақтаға 1-4 сандары бар карточкаларды іледі. 4 саны қалай шығатын таныстырады.

1-ші ойын: «Керек санды көрсет»

Тің үлгісі: Мақсаты: 4-тің көлемінде есептік санау дағдыларын дамыту.

Қарындашпен үстелді 4-тің көлемінде бірнеше рет соғады, балалар қарындаштың неше рет соғылатына сәйкес саны бар карточкаларды көтеру.

2-ші ойын: «Есте сақтағаны бойынша айтып беру»

Мақсаты: 1-3 цифрлары туралы білімдерді бекіту; 4 санымен және цифрымен танысу. Заттарды әртүрлі белгілері бойынша ажырата білу және қағаз бетінде бағдарлау іскерлігін дамыту. есте сақтау да дамыту.

Тақтаға түстерімен өлшемі әртүрлі 1-4 цифрлары жазылған плакат ілінбеді. Плакатты алып тастап 4 саны қандай түспен берілгенің сұрау, т.с.с. қағаз бетінде орналасқан сандарды есте сақтап қалу.

Сергіту сәті:

ІҮ. Дәптермен жұмыс.

1- тапсырма. «Төрт», «артық», «кем» сөздерін пайдаланып суреттерді сипаттау.

2- тапсырма. Заттарды есептік және реттік санау. 1-4 сандарының реттілігімен жұмыс істеу.

3- тапсырма. Зейінді және логикалық ойлауды дамыту.

«Торкөздерге» орындалатын тапсырма. Ұсақ қол қимылдарын дамыту.

Ү. Рефлексия.

15 сабақ

Тақырыбы: Төртбұрыш. Текше.

Мақсаты: төртбұрышпен оның ерекшеліктері туралы түсініктерді кеңейту. Текше түсінігін қалыптастыру. Шаршы мен текшенің айырмашылықтары мен ұқсастықтарын анықтау.

Көрнекіліктер: доп, заттардың суреттері, әртүрлі төртбұрыштар салынған карточкалар, түстері мен өлшемдері әртүрлі текшелер.

І. Ұйымдастыру кезеңі. Психологиялық дайындық.

ІІ. Негізгі білімді тиянақтау.

Мақсаты: жаңа тақырыпты оқып-меңгеруге дайындық мақсатында бұрын меңгерген салыстыру дағдыларын тексеру.

-Біз «Қайсысынікі үлкен?» деп аталатын әзіл –қалжын бойжазу өткіземіз.

Сұраққа жауап беру

-Қайсысының жапырақтары үлкен: Гүлдің бе әлде ағаштың ба?

-Қайсысының қанаттары үлкен : көбелектің бе әлде ұшақпа? т.с.с.

ІІІ. Жаңа материалды меңгеру. Ойын іс-әрекеті.

Балалар көрнекілікті пайдаланбастан 4-тің көлемінде салыстыруды үйренеді. Одан әрі балалардың төртбұрыш және оның ерекшеліктері туралы түсініктерін бекіту мен кеңейту бойынша жұмыстар жүргізіледі. Балалар әуелә шаршы мен тікбұрыш, оларды ұқсастықтары мен айырмашылықтарын қарап шығады.

Мұғалім сосын басқа да төртбұрыштармен таныстырады. Балалар төртбұрыш- бұл төрт бұрышы және төрт қабырғасы бар фигура, ал оның шаршы немесе тікбұрыш болуы шарт емес екендігін анықтайды. Балалар төртбұрыштарды түсіне, өлшеміне қарап ажыратуды, қағаз бетінде қарапайым құрылыстар құрылыстар жасауды және санақ таяқшаларының фигуралар жасауды үйренеді.

Балалардың жалпы дамуы үшін Неліктен терезелер (есіктер) төртбұрышты? Ал оларды үшбұрышты етіп жасаса, не болар еді? Деген тақырыпта пікірталас өткізуге болады. мұнан әрі мұғалім балаларды текше түсінігімен таныстырады, шаршы мен текшеге салыстырмалы талдау жасауды, олардың ұқсастықтары мен айырмашылықтарын анықтауды ұсынады.

Материалды бекіту үшін мұғалім ойын ойнауды ұсынады.

1-ойын. Кім тезірек айтады?

Мақсаты: 4-тің көлемінде есептік санауды дамыту жиынтықтарды салыстыру іскерлігін дамыту.

Мұғалім сұрақтар қойып, мөлшері әртүрлі заттар салынған суреттерді көрсетеді. Қайсысы аз жаңғақтар ма әлде бұршіктер ме? Т.с.с. Бірінші болып қол көтерген бала жауап береді. Әрбір дұрыс жауап үшін мұғалім фишка береді. Кім көп фишка жинаса, сол жеңеді.

2-ойын. Қисық айналар патшалығы.

Мақсаты: шаршы туралы түсініктердің негізінде төртбұрыш түсінігімен тәжірибелік танысу.



Мұғалім Қисық Айналар Патшалығына қашып кеткен Шаршы туралы ертегі оқиғасын айтып береді. ...Шаршы қисық айнаға жүгіріп барып, оған қараған кезде ол жақтан аздап шаршыға ұқсас фигуралар атып шығады... . Сосын мұғалім әртүрлі төртбұрыштар салынған карточкаларды көрсетіп, оларды шаршымен салыстыруды ұсынады, мұнан кейін сурет салатын қағазды таратып, шаршыдың өзгеше 4 төртбұрыштың суретін салуға тапсырма береді. Бұл тапсырманы дұрыс және басқалардың тез орындап шыққан бала жеңеді.

3-ші ойын. Фигураны тап

Мақсаты: жазық геометриялық фигуралардың кеңістікте денелермен арақатынасын анықтау іскерлігін дамыту командада жұмыс істеу іскерлігін дамыту.

Мұғалімнің үстелінде түстерімен өлшемдер әр түрлі бірнеше текше жатады. Командалар бойынша жұмыс істеу. Әр командаға мұғалім текшелердің фотосуреттерін (үлгіні қараңыз) үлестіреді. Қатысушылар өздеріне фотосуреттері берілген текшелерді табуға тиіс. тапсырманы дұрыс және басқалардың тез орындаған команда жеңеді.

Сергіту сәті
ІҮ. Дәптермен



1-тапсырма. Сонша түсінігімен жұмыс істеу.

2-тапсырма. Заттар жиынтықтарын артық, кем, тең, түсініктерін пайдаланып салыстыру «Торкөздерге» орындалатын тапсырма. Ұсақ қол қимылдарын дамыту.

Ү. Рефлексия.

16 сабақ

Тақырыбы: Сандарды салыстыру.

Мақсаты: заттар жиынтықтары (олардың шамалары мен орналасуына қарамастан) мен сандарды (көрнекілігі материалына сүйенбестен) «>», «<», «=» белгілерінің көмегімен салыстыру іскерлігін қалыптастыру.

Көрнекіліктер: доп, «>», «<», «=» белгілерінің

I. Ұйымдастыру кезеңі. Психологиялық дайындық.

II. Негізгі білімді тиянақтау.

Мақсаты: жаңа білімді енгізу қажеттілігін танытатын жағдайды көрсету;

-Біз «Артық-кем» деп аталатын бойжазу өткіземіз.

Мұғалім тапсырманы жариялайды. Мен бір санды айтамын, сендер айтылған саннан 1-ге артық(кем) санды атайсындар, сосын допты балаға лақтырады. Бала жауап беріп, допты қайта лақтырады. Бойжазудан кейін мұғалім сабақтан тақырыбын жариялайды.

III. Жаңа материалды меңгеру. Ойын іс-әрекеті.

Мұғалім балаларға арнайы белгілері бар екендігін, олардың көмегімен сандарды салыстырудың нәтижелерін жазуға болатынын түсіндіреді. Мұғалім тақтаға «<», «>», «=» белгілері бар карточкаларды іледі және балаларды сандарды салыстыру нәтижелерін жазу әдістерімен (әуелі нақты заттар топтарының мысалында, сосын көрнекілікті пайдаланбастан) таныстырады. Материалды бекіту үшін мұғалім ойын ойнауды ұсынады.

1-ші ойын. «Қоншықтар биі»

Мақсаты: 4-тің көлемінде есептік санау дағдыларды бекіту; 4-тің көлемінде сандарды салыстыру іскерлігін дамыту қимыл қозғалыс белсенділігін дамыту;

Ойынға қатысушылар мұғалімнің айналысында тұрып аюдың қоншықтарын бейнелейді. Мұғалім дағыраны 4-тің көлемінде бірнеше рет соғады, қоншықтар дәл сонша рет (1 рет артық 1 реткем) аяқтарымен еденді тебу керек. Қателескен балалар ойыннан шығып, орындарына отырады. Бірде бір рет қателеспеген балалар жеңеді.

2-ші ойын «Санды тап»

Мақсаты: 1-4 цифрлары туралы білімдерді бекіту; сандарды көрнекілік материалға сүйенбестен салыстыру іскерлігін дамыту;

Мұғалім тақта алдына 2 қатысушыны шақырады (басқа балалар өз орындарынан отырып тексереді). Бірінші қатысушы тақтаға арқасын беріп тұрады. екінші қатысушы – «жүргізуші». Ол 4-тің көлемінде бір сан жасырып, оны тақтаға жазады. Тақтаға арқасын беріп тұрған қатысушы жүргізушіге Бұл – 3-тен артық сан ба? Бұл 4-тен кем сан ба? Деген сияқты жетекші сұрақтар қояды. Оның міндеті – санды 2 әрекеттен аспай тауып алу. Егер ол мұны жасай алса, онда ол жүргізуші болады, ал оның орнына басқа қатысушы шақырылады. Ал санды таба алмаса, онда ойыннан шығып, орнын басқа қатысушыға береді, жүргізуші болып бұрынғы қатысушы қала береді.

Сергіту сәті:

IV. Дәптермен жұмыс.

1-тапсырма. Заттар жиынтықтарын артық, кем, сонша сөздерін пайдаланып салыстыру.

2-тапсырма. «>», «<», «=» белгілерімен танысу.

3-тапсырма. Заттар жиынтықтарын «>», «<» белгілерінің көмегімен салыстыру.

4-тапсырма. Екі өлшемді кеңістікте бағдарлау. Зейінді дамыту.

«Торкөздерге» орындалатын тапсырма. Ұсақ қол қимылдарын дамыту.

V. Рефлексия.

17 сабақ.

Тақырыбы: Қосу «+» белгісі.

Мақсаты: бүтін мен оның бөлшектері туралы түсінікті қалыптастыру; бөлшектерді бүтінге біріктіру ретіндегі қосумен танысу; «+» белгісімен танысу.

Көрнекіліктер:

Мұғалімге көмек: доп, жағдаяттық есептер бар суреттер.

Үлестірмелі материал: фигуралары бар карточкалар, фишкалар.

I. Ұйымдастыру кезеңі. Психологиялық дайындық.

II. Негізгі білімді тиянақтау.

Мақсаты: жаңа тақырыпты оқып-меңгеруге дайындық мақсатында бүтін мен бөлшек туралы бұрын меңгерген білімдерді тексеру; ойын іс-әректіне уәждеу.

-Біз «Бүтінді ата» деп аталатын бойжазу өткіземіз.

Мұғалім заттың бөлшегін атап, допты балаға лақтырады. Бала ол бөлшекті атап, допты қайта лақтырады.

-желкен-... (желкенді кеме)

-жапырақ-... (ағаш)

-Өкше-... (туфли)

-шатыр-... (үй)

-қабыршақ-... (балық)

Бойжазудан кейін мұғалім сабақтың тақырыбын жариялайды.

III. Жаңа материалды меңгеру. Ойын іс-әрекеті.


Мұғалім әуелі бүтін мен оның бөлшектері туралы түсінік қалыптастыру бойынша алдын-ала жұмыс жүргізеді. Жиынтықтарыны бар әртүрлі көрнекілікті тапсырмалардың мысалында бүтін мен бөлшектердің қатынасы анықталады (бөлшектер бүтіннен кіші). Балалар бірнеше бөлшекті бүтін жиынтыққа біріктіруге жаттығады. Сосын мұғалім тақтаға «+» белгісі бар карточканы іліп, балаларды бөлшектерді бір бүтінге біріктіру ретіндегі қосумен таныстырады. Оқып-меңгеретін тақырыпты жақсы ұғыну мұғалім балаларды реттілік суреттері түріндегі есептік жағдаят негізінде қосуға берілген қарапайым есептісін жасауға үйретеді. Материалды бекіту үшін мұғалім ойын ойнауды ұсынады.

1-ші ойын. «Бүтін жиынтықты тап».

Мақсаты: бүтін мен оның бөлшектері туралы түсінікті қалыптастыру; бөлшектерді бүтін жиынтыққа біріктіру іскерлігін қалыптастыру; командада жұмыс істеу іскерлігін дамыту.

Тақтаға фигуралар – бүтін жиынтықтар салынған карточкалар шашыраңқы түрде бекітілген (үлгіге қараңыз). Командалар бойынша жұмыс істеу. Мұғалім әр қатысушыға 2 карточкадан – жиынтықтың бөлшектерін (үлгі қараңыз) береді. Ойынға қатысушылардың міндеті – жиынтық бөлшектерін қосу амалын орындап, оларды тиісті бүтін жиынтықтың жанына бекіту. Қатысушылар бірінен кейін бірі кезекпен ойнайды. Тапсырманы дұрыс және басқалардан тез орындаған команда жеңеді.

Тақтада:



қатысушыларға арналған карточкалар:

1-нұсқа:



2-нұсқа:



3-нұсқа:



2-ші ойын. «Кім көп ойлап табады?»

Мақсаты: қосуға берілген есептік жағдаяттың үлгісін көрнекілікті материалға сүйеніп жасау іскерлігін қалыптастыру.

Алмалар (3қызыл және 1 сары алма) салынған суретті көрсетеді және өзінің есептік жағдайы нұсқасын ұсынады. Есептік жағдаятты талқылап, шешекеннен кейін мұғалім балаларға сурет бойынша өз мәтіндерін ойлап табуды ұсынады.

Бекіту үшін ұқсас басқа суреттер көрсетеді. Әрбір дұрыс жауап үшін фишкалар береді. Фишка көп балалар жеңіске жетеді.

Сергіту сәті:

IV.Дәптермен жұмыс.

1-тапсырма. Реттілік суреттері түріндегі есептік жағдаят. Негізінде қосуға берілген қарапайым есептің үлгісін жасау.

2- тапсырма. Жиынтықтарды қосу. Теңдіктер құру.

3-тапсырма. Бүтін жиынтықтың бөлшектерін табу. Логикалық ойлауды дамыту.

«Торкөздерге» орындалатын тапсырма. Ұсақ қол қимылдарын дамыту.

V.Рефлексия.

18 сабақ.

Тақырыбы: Азайту «-» белгісі.

Мақсаты: бөлшекті бүтін жиынтықтан шығару ретіндегі азайтумен танысу; «-» белгісімен танысу

Көрнекіліктер:

Мұғалімге көмек: доп, есептік жағдаяттары бар суреттер.

Үлестірмелі материал: фигуралары бар карточкалар, фишкалар.

I.Ұйымдастыру кезеңі. Психологиялық дайындық.

II. Негізгі білімді тиянақтау.

Мақсаты: жаңа тақырыпты оқып-меңгеруге дайындық мақсатында бүтін мен бөлшек туралы бұрын меңгерген білімдерді тексеру; ойын іс-әрекетіне уәждеу;

-Біз «Бөлшектерді ата» дейтін бойжазу өткіземіз.

-Ағаш-...(бұтақ)

-Машина-...(дөңгелек)

-Үстел-...(аяқ)

-Құс-...(тұмсық)

Бойжазудан кейін мұғалім сабақтың тақырыбын жариялайды.

III.Жаңа материалды меңгеру. Ойын іс-әрекеті.

бүтін мен оның бөлшектері туралы түсінікті қалыптастыру бойынша жұмыс жалғасады. Балалар бүтін жиынтықтан заттардың бөлшектерін шығаруға жаттығады. Сосын мұғалім тақтаға «-» белгісі бар карточканы іледі және балаларды жиынтықтан бөлшекті шығару ретіндегі азайтумен таныстырады. Оқып-меңгеретін тақырыпты жақсы ұғыну үшін мұғалім балаларды реттілік суреттері түріндегі есептік жағдаят негізінде азайтуға берілген қарапайым есептің үлгісін жасауға үйретеді. Материалды бекіту үшін мұғалім ойын ойнауды ұсынады.

1-ші ойын. «Жиынтықтың қалған бөлігін тап»

Мақсаты:бүтін мен оның бөлшектері туралы түсінікті қалыптастыру; бүтін жиынтықтанбөлшекті шығару іскерлігін қалыптастыру; командада жұмыс істеу іскерлігін дамыту;
Тақтаға фигуралар- жиынтықтардың қалған бөлшектері салынған карточкалар шашыраңқы түрде бекітілген (үлгіні қараңыз). Командалар бойынша жұмыс істеу. Мұғалім әр қатысушыға2 карточкадан-бүтін жиынтық пен оның бөлшегін (үлгіні қараңыз) береді. Ойынға қатысушылардың міндеті- бүтін жиынтықтан оның бөлшегін азайту амалын орындап, оларды жиынтықтың тиісті қалған бөлшегінің жанына бекіту. Қатысушылар бірінен кейін бірі кезекпен ойнайды. Тапсырманы дұрыс және басқалардан тез орындаған команда жеңеді.

Сергіту сәті:

ІҮ.Дәптермен жұмыс.

1-тапсырма. Реттілік суреттерітүріндегі есептік жағдаятнегізінде азайтуға берілген қарапайымесептің үлгісінжасау.

2-тапсырма. Жиынтықтарды азайту. Теңдіктер құру.

«Торкөздерге» орындалатын тапсырма. Ұсақ қол қимылдарын дамыту.

Ү.Рефлексия.

19-20 сабақ.

Тақырыбы: 5 санымен цифры.

Мақсаты: 5 санымен және цифрымен танысу;5-тің көлемінде есептік және реттік санау дағдыларын дамыту;

Көрнекіліктер:

Мұғалімге көмек: доп, 1-5 сандары бар карточкалар.

Үлестірме материал: 1-5 сандары бар карточкалар.

I.Ұйымдастыру кезеңі. Психологиялық дайындық.

II. Негізгі білімді тиянақтау.

Мақсаты :жаңа білімді еңгізу қажеттілігін танытатынжағдайды көрсету; ойын іс-әрекетін уәждеу;

-Біз «Келесі сан» деп аталатын бойжазу өткіземіз.

Мұғалім 1(2 3 4) санынан кейінгі келесі санды атауды сұрайды және допты балаға лақтырады. Бала жауап беріп, допты қайта лақтырады. Бойжазудан кейін мұғалім сабақтың тақырыбын жариялайды.

III.Жаңа материалды меңгеру. Ойын іс-әрекеті.

Мұғалім тақтаға 1-5 сандар бар карточкаларды іледі; натурал 0атарда 5 санының қалай шығатынын (4 санына бірлікті қосу жолымен) және 5 санының 5 бірліктен тұратынын (1,1,1,1және 1) түсіндіреді; одан әрі балаларды 5 санының жазылуымен таныстырады. Материалды бекіту үшін мұғалім ойын ойнауды ұсынады.

1-ші ойын. «Қатар»

Мақсаты: 1-5 сандарының тура және кері реттілігі туралы білімді қалыптастыру: қимыл-қозғалыс белсенілін дамыту.

Мұғалім 5 баланы шақырып алып,әрқайсысына 1-ден 5-ке дейін сандары бар карточка береді.

Балалар сандардың 1-ден 5ке дейінгі реті (5-тен1-ге дейін) бойынша қатарға тұрады. мұғалімнің

белгі беру бойынша балалар жан-жаққа қашады, ал мұғалім «Қайтадан шеп құрамыз, орнымызға тұрамыз.» дегенде балалар қайтадан қатар түзеп тұруы керек. Қатарға ең соңынантұрған бала ойыннаншығып, оның орнына басқа бала таңдап алынады. Карточкалардың қайта таратып, ойынды бірнеше рет қайталайды.

2-ші ойын. «Алақаныңды соқ»

Мақсаты: «ойша» есептік санау дағдыларын дамыту; сандардың теңдіктері мен теңсіздіктерін анықтау іскерлігін қалыптастыру.

Мұғалім мөлшері әртүрлі фигуралар салынған карточкаларды (фигуралар саны 5-тен аспайды) көрсетеді. Балалар алақандарын сонша соғулары керек.

Ойынның күрделендірілген нұсқасы: балалар алақандарын карточкадағы фигуралар санынан 1 рет кем (артық) соғулары керек.

Сергіту сәті:

ІҮ.Дәптермен жұмыс.

1-тапсырма. Суреттерді «бес», «сонша» сөздерін пайдаланып сипаттау. 5-тің көлеміндегі есептік санау. Сөйлеу мәдениетін дамыту.

2-тапсырма. Заттарды реттік санау. Өзгерістердің белгі бойынша орын алғанын анықтау.

«Торкөздерге» орындалатын тапсырма. Ұсақ қол қимылдарын дамыту.

Ү.Рефлексия.

21сабақ.

Тақырыбы: 6 санымен цифры.

Мақсаты: бсанымен және цифрымен танысу;6-тің көлемінде есептік және реттік санау дағдыларын дамыту;

Көрнекіліктер:

Мұғалімге көмек: доп,фигуралары бар карточкалар,1-6 сандары бар карточкалар.

І.ұйымдастыру кезеңі. Психологиялық дайындық.

II. Негізгі білімді тиянақтау.

Мақсаты: жаңа білімді еңгізі қажеттілігін танытатын жағдайды көрсету; ойын іс-әрекетін уәждеу.

Тақтаға мынандай фигуралар бар карточкалар бір қатарға ілінген



-Біз «санағанда нешінші?» деп аталатын бойжазу өткіземіз.

Мұғалім сұрақ қойып, допты балаға лақтырады. Бала жауап беріп допты қайта лақтырады. —*Үш бұрышты фигура санағанда нешінші?*

-бұрыштары жоқ фигура санағанда нешінші?

Бойжазудан кейін мұғалім сабақтың тақырыбын жариялайды.


III. Жаңа материалды меңгеру. Ойын іс-әрекеті.

Мұғалім тақтаға 1-6 сандары бар карточкаларды іледі. Натурал қатарда 6-санын қалай шығатынын (5 санына бірлікті қосу жолымен) және 6 санының 6 бірліктен тұратыннын түсіндіреді; Материалды бекіту үшін мұғалім ойын ойнауды ұсынады.

1-ші ойын. «Жолдың суретін сал»

Мақсаты: 1-ден 6-ға дейінгі сандардың реттілігі білімін қалыптастыру; екі өлшемді кеңістікте бағдарлау және қозғалыс бағытын атау іскерлігін дамыту;

Тақтаға 1-ден 6-ға дейінгі сандардың бірнеше жиынтығын ілген (үлгі қараңыз). Командылар бойынша жұмыс істеу. Өз жинағындағы барлық сандарды 1-ден 6-ға дейінгі тура ретте жинап алу үшін әрбір команда қозғалыс жолын нұсқармен көрсетуі керек. Бұл тапсырманы дұрыс және басқалардан тез орындаған команда жеңеді.



III. Сергіту сәті:

IV. Дәптермен жұмыс.

1-тапсырма. Суретті «алты», «тең» сөздерін пайдаланып сипаттау. 6-ның көлемінде есептік санау. Сөйлеу мәдениетін дамыту.

-Қоншық бар шанада неше суық торғай отыр?

-Басқа шаналардағы суық торғайлар нешеу?

2-тапсырма. Заттарды есептік санау. Зейінді дамыту.

3-тапсырма. Фигураларды түсі бойынша салыстыру. Заттарды реттік санау.

«Торкөздерге» орындалатын тапсырма. Ұсақ қол қимылдарын дамыту.

V. Рефлексия.

22 сабақ.

Тақырыбы: 7 санымен цифры.

Мақсаты: 7 санымен және цифрымен танысу; 7-тің көлемінде есептік және реттік санау дағдыларын дамыту;

Көрнекіліктер:

Мұғалімге көмек: доп, 1-7 сандары бар карточкалар.

Үлестірме материал: заттар салынған суреттер, 1-7 сандары бар карточкалар.

I. ұйымдастыру кезеңі. Психологиялық дайындық.

II. Негізгі білімді тиянақтау.

Мақсаты: жаңа білімді енгізу қажеттілігін танытатын жағдайды көрсету; ойын іс-әрекетін уәждеу; -Біз «Келесі санды айт» деп аталатын бойжазуды өткіземіз.

Мұғалім 1 (2,3,4,5,6, т.с.с.) санынан кейінгі келесі санды айтуын сұрап, допты балаға лақтырады.

Бала жауап беріп, допты қайта лақтырады.

Бойжазудан кейін мұғалім сабақтың тақырыбын жариялайды.

III. Жаңа материалды меңгеру. Ойын іс-әрекеті.

Мұғалім тақтаға 1-7 сандары бар карточкаларды іледі. Натурал қатарда 7-санын қалай шығатынын (7 санына бірлікті қосу жолымен) және 7 санының 7 бірліктен тұратыннын түсіндіреді;

Материалды бекіту үшін мұғалім ойын ойнауды ұсынады.

1-ші ойын. «Керек санды тап»

Мақсаты: 7 саны туралы білімдерді және 7 санының жазылуын бекіту; 7-нің көлемінде есептік санау дағдыларын дамыту;

Әрбір балалар жұмыс үстеліне әртүрлі мөлшердегі заттардың сурттері мен 1-ден 7-ге дейінгі сандар жазылған карточкалар (гүлдер, жемістер, жидектер, т.с.с.) үлестіліліп беріледі. Балалардың міндеті-суреттердегі заттарды санап шығуы және керекті сан жазылған карточканы суреттің бетіне қою.

Мұны дұрыс және басқалардың тез орындаған балалар жеңеді.

III. Сергіту сәті:

IV. Дәптермен жұмыс.

1-тапсырма. Суретті «бір», «екі», «үш», «төрт», «бес», «алты», «жеті» сөздерін пайдаланып сипаттау. 7-нің көлемінде есептік санау. Сөйлеу мәдениетін дамыту.

2-тапсырма. Геометриялық фигураларды анықтау және салыстыру.

«Торкөздерге» орындалатын тапсырма. Ұсақ қол қимылдарын дамыту.

V. Рефлексия.

23 сабақ.

Тақырыбы: 8 санымен цифры.

Мақсаты: 8 санымен және цифрымен танысу; 8-тің көлемінде есептік және реттік санау дағдыларын дамыту;

Көрнекіліктер:

Мұғалімге көмек: доп, 1-8 сандары бар карточкалар.

Үлестірме материал: санақ таяқшалары.

I. Ұйымдастыру кезеңі. Психологиялық дайындық.

II. Негізгі білімді тиянақтау.


Мұғалім тақтаға 1-8 сандары бар карточкаларды іледі. Натурал қатарда 8-санын қалай шығатынын (8 санына бірлікті қосу жолымен) және 8 санының 8 бірліктен тұратыннын түсіндіреді;

Материалды бекіту үшін мұғалім ойын ойнауды ұсынады.

1-ші ойын. «Үшбұрыш құрастыр.»

Мақсаты: 8-дің көлемінде есептік санау дағдыларын дамыту; ұсақ қол қимылдарын дамыту; логикалық ойлауды дамыту.

Әрбір балалар жұмыс үстеліне санақ таяқшалары таратылып беріледі. Балалардың міндеті- 5,6,7,8 таяқшадан үшбұрыш құрастыру. Осыны дұрыс және басқалардан тез орындаған балалар жеңіске жетеді.



III.Сергіту сәті:

IV.Дәптермен жұмыс.

1-тапсырма. Есептік санау. Лабиринтпен жұмыс істеу. Зейінді дамыту;

2-тапсырма. Зейінді және логикалық ойлауды дамыту;

«Торкөздерге» орындалатын тапсырма. Ұсақ қол қимылдарын дамыту.

V.Рефлексия.

24-25сабақ.

Тақырыбы: 9 санымен цифры.

Мақсаты: 9санымен және цифрымен танысу;9-тің көлемінде есептік және реттік санау дағдыларын дамыту;

Көрнекіліктер:

Мұғалімге көмек: доп, 1-9 сандары бар карточкалар.

Үлестірме материал: сандармен геометриялық фигуралар

I.Ұйымдастыру кезеңі. Психологиялық дайындық.

II. Негізгі білімді тиянақтау.

Мақсаты: жаңа тақырыпты оқып-меңгеруге дайындық мақсатында бұрын меңгерген білімдерді тексеру;

-Біз «Нені санай аламыз?» деп аталатын бойжазу өткіземіз.

Сұрақ қойып, доп балаға лақтырады.

- Белмеде нені санай аламыз?
- Көшеде нені санай аламыз?зообақта нені санай аламыз? т,б.

III. Жаңа материалды меңгеру.

Тақтаға 1-9 сандары бар карточкаларды іледі; 9 санының қалай шығатынын және 9 санының 9 бірліктен тұратын түсіндіреді; одан әрі балаларды 9 санының жазылуымен таныстарды.ептілікті дамыту үшін балаларға 9 таяқшадан тең 4 үшбұрыш немесе тең 3шаршы жасауды ұсынуға болады.

Материалды бекіту ойын ойнау ұсынылады.

1-ші ойын. «Факс»

Мақсаты: 1-8 цифралары туралы білімдерді бекіту. 9 цифрын жазу білімін қалыптастыру. Топтың жұмыс істеу іскерлігін дамыту.

Әрбір топтарды қатысушылары бір-бірінің артына тұрады. ал топтың басшысы тақтаға қарап, қолына бор ұстап, бірінші тұрады. әр топтың ең соңында тұрған қатысушысына сан жазылған карточка береді. Бұл қатысушылар карточкадағы сан алдында тұрған баланың арқасына саусағымен салады. Хабарламаны алған қатысушылар оны әрі қарай жалғастырады. Басшы хабарды алған соң оны тақтаға бормен салады. Тапсырманы дұрыс және басқалардан жылдам орындаған топты фишка алады. Сандар мен геометриялық фигуралар кезектесіп берілетін басқа карточкалар бойынша ойын жалғаса береді. Ең көп жинаған топ жеңіске жетеді.

2-ші ойын. «Жұбыңды тап»

Мақсаты: 9-дың көлемінде есептік санау дағдаларын дамыту; Топтың жұмыс істеу іскерлігін дамыту; қимыл-қозғалыс белсенділігін дамыту.

Балалар 2 топқа бөлініп, бір-біріне қарама-қарсы қарап тұрады. біріншілеріне 1-ден 9-ға дейін сандар жазылған карточкалар, екіншілеріне әртүрлі мөлшердегі заттар бар карточкалар үлестіріледі. Сандар берілген қатысушылардың міндеті- заттарының мөлшері өзінің санына тең келетін қатысушымен жұп құру (карточкалары «жұп» балалар бір-бірінің қолдарынан ұстайды).карточкаларды қайтадан үлестіре отырып, ойынды бірнеше рет қайталауға болады.

III.Сергіту сәті:

IV.Дәптермен жұмыс.

1-тапсырма. Суретті «тоғыз», «артық», «кем» сөздерінің көмегімен сипаттау. 9-дың көлемінде есептік санау. Сөйлеу мәдениетті дамыту.

2-тапсырма. Есептік санау. Заттардың жиынтықтарын салыстыру.

3-тапсырма. Геометриялық фигураларды анықтау. Бірдей фигуралардан жұптар құру.

«Торкөздерге» орындалатын тапсырма. Ұсақ қол қимылдарын дамыту.

V.Рефлексия.

26сабақ.

Тақырыбы: 0 саны мен цифры.

Мақсаты: 0 санымен және цифрымен, сандық қатардағы орнымен танысу; 0 санымен қосқанда және азайтқанда есептеу дағдыларын қалыптастыру; ден 5-ке дейін сан жазылған текшелер.

I.Ұйымдастыру кезеңі. Психологиялық дайындық.

II. Негізгі білімді тиянақтау.

Мақсаты: жаңа білімді енгізу қажеттілігін танытатын жағдайды көрсету;

-Біз «Санап шық» деп аталатын бой жазу өткіземіз.

Үстеліне 4 ойыншық қойылған. «Үстелдегі ойыншық нешеу?» бала деген сұрақ қойып, допты балаға лақтырады. Бала жауап беріп, допты қайта лақтырады. Әр жолы бір ойыншықты алып тастап, сұрақты қайталап қояды. Үстелде бір де бір ойыншық қалмай қалғанша осылай жалғасады. Сол кезде тәрбие сабақтың тақырыбын жариялайды.

III.Жаңа материалды меңгеру. Ойын іс-әрекеті.

Тақтадан 0-9 сандары жазылған карточкаларды іледі; балаларды 0 санының сандық қатардағы орнымен және 0 санының жазылуымен таныстырады.

-0 саны бос жиынтықты білдіреді.

Мұнан кейін балалармен бірге барлық цифрларды қайталауға болады. материалды бекіту үшін ойын ойнауды.

1-ші ойын. «Жолбарыстарды үйретуші»

Мақсаты: 0-9сандарының тура және кері реттілігі білімдерін бекіту; қимыл-қозғалыс белсенділігін дамыту.

Балаларды шақырып, әрқайсысына 0-ден 9-ға дейін сандар жазылған карточкалар үлестіріп береді. Бөлмеге, балалардың санынан 1-еуі кем, 9 орындық қойылады. Карточкасына 0 саны жазылған бала «үйретуші» болады. қалған 9 бала —«жолбарыстар» болады. олар әзірленген орындықтарға еркін түрде орналасып, отырады. «Үйретуші» шеңбер бойымен жүріп, 1-ден 9-ға дейін сандарды тура кер ретпен атайды. Саны аталған жолбарыс орнынан тұрып, «үйретушінің» соңынан жүреді. «Үйретуші» барлық сандар аталған кезде «Назар аударыңдар, аңшылар!» дейді, ал барлық қатысушылар, «үйретушімен» қоса, бос орындықтарға отыруға тырысады. Орын алып үлгермеген бала жолбарыстарды үйретуші болады.

2-ші ойын. «Математикалық текшелер»

Мақсаты: 9-дың көлемінде 0 санымен өсқанда және азайтқанда есептеу дағдаларын қалыптастыру.

Қабырғаларына сандар жазылған 2 текшені лақтырады. Егер әртүрлі сандар түссе, онда олар қосылады, егер бірдей сандар түссе-олардың айырмаларын табады. Дұрыс жауап берген бала ойынды жалғастырады.

ІҮ.Дәптермен жұмыс.

«Торкөздерге» орындалатын тапсырма. Ұсақ қол қимылдарын дамыту.

1-тапсырма. Заттарды есептік санау.

- Құндыздар не істеп жатыр? Олардың қайсысы үлкен? Кішісі ше?

2-тапсырма. Реттілік суреттерді сипаттау. Сөйлеу мәдениетін дамыту.

3-тапсырма. Сандарды салыстыру.

Ү.Рефлексия.

27-28 сабақ.

Тақырыбы: 10 саны.

Мақсаты: 10 санымен танысу; 10-ның көлемінде есептік және реттік санау дағдыларын дамыту.

Көрнекіліктер: доп, 0-10 сандары бар карточкалар, т.б.

I.Ұйымдастыру кезеңі. Психологиялық дайындық.

II. Негізгі білімді тиянақтау.

Мақсаты: 0-ден 9-ға дейін сандарды реттілігі білімін қайталау; жаңа білімді (10 саны) енгізу қажеттілігін танытатын жағдайды көрсету;

-Біз «Қатесіз сана!» деп аталатын бой жазу өткіземіз.

Балалар шеңбер құрып тұрады. балалардың сандарды тура реттілікпен айтуын сұрап, 0 саны атайды және допты лақтырады. Допты ұстап алған бала келесі санды (1 саны) атайды және допты басқа балаға лақтырады. Есеп 10-ға жеткенде сабақтың тақырыбын жариялайды. Сандық қатарды ұғып алу үшін ойын бірнеше рет жәе тез екпінмен (сандардың тура және кері реттілігімен) жалғасады.

III. Жаңа материалды меңгеру. Ойын іс-әрекеті.

Тақтаға 0-10 сандары бар карточкаларды іледі; 10 санының қалай шығатынын және 10 санының 10 бірліктен тұратынын түсіндіреді.

10 санының алдыңғы сандардан қандай айырмашылықтары бар? Деген тақырыпта пікірталас өткізуге болады.

1-ші ойын. «Тізбек»

Мақсаты: 10-ның көлеміндегі сандар білімін бекіту. Есте сақтауды және зейінде дамыту.

Ойында 10-ның көлеміндегі кез келген бір санды атайды. Оның жанында отырған қатысушы аталған екісанды қайталайды және өзінің санын атайды. Барлық қатысушылар осылайша тізбек бойынша ойнап, олардың біреуі сандардың реттілігін ұмытып қалғанша жалғасады, ол кезде ойын басынан қайта бастайды. Әрбір дұрыс жауап үшін фишка береді. Фишкасы барлығынан көп ойыншы жеңеді.

2-ші ойын. «Көршілер»

Мақсаты: 10-ның көлемінде реттік санау дағдыларын дамыту; 10-ның көлеміндегі сандар реттілігін білімін бекіту. Балаларға 0-ден 10-ға дейін сандар жазылған карточкалар үлестіріп береді. Балалар сандардың реттілігі бойынша бір қатарға тұрып, нөлінші, бірінші, екінші, т.с.с. деп санап шығуға тиіс. Сосын 0-10ға дейін сандарды атайды. Өз карточкасындағы сан аталған санның көршісі болып шыққан балалар қолдарын көтереді.

III.Сергіту сәті:

IV.Дәптермен жұмыс.

1-тапсырма.суретті он, сонша деген сөздерді пайдаланып сипаттау. 10-ның көлемінде есептік санау. Сөйлеу мәдениетін дамыту.

2- тапсырма. Реттік санау.

3-тапсырма. Графикалық жұмыс.

«Торкөздерге» орындалатын тапсырма. Ұсақ қол қимылдарын дамыту.

V.Рефлексия.

29 сабақ.

Тақырыбы: Теңгемен танысу.

Мақсаты: екі кіші саннан тұратын 10 санының құрамымен танысу. 10-ның көлемінде есептеу дағдыларын қалыптастыру; ұлттық валюта теңгемен танысу.

Көрнекіліктер: доп, 10 теңгедеген белгілері бар карточкалар, т.б.

I.Ұйымдастыру кезеңі. Психологиялық дайындық.

II. Негізгі білімді тиянақтау.

Мақсаты: жаңа тақырыпты оқып-меңгеруге дайындық мақсатында 2-9 сандары туралы бұрын меңгерген білімдерді тексеру;

«Екі кіші санды айт деп аталатын бойжазу өткіземіз.

Санды 2-ден 9-ға дейін айтып, доп балаға лақтырады. Бала айтылған санды құрайтын сандардың жұбын айтып, допты қайта лақтырады. Мыс: 6-бұл 2және 4

III. Жаңа материалды меңгеру. Ойын іс-әрекеті.

Балалар 10 санын екі кіші санға жіктеуді (9 және 1; 8 және 2; 7және 3;) және екі кіші саннан бір үлкен сан алуды үйренеді. Бұл тақырыпты әуелі нақты заттардың мысалында, соысн сандарды пайдалана отырып түсіндіруге кеңес беріледі.

1-ші ойын. «Қақпадан өт»

Мақсаты: 10 санының құрамы туралы білімдері бекіту; қимыл-қозғалыс белсендігін дамыту.

Екі бала қол ұстасып, «қақпаны» бейнелейді. Тақтаға 10 саны ілінген. Қалған балалар 1-ден 9-ға дейін сандар бар карточкалар үлестіріледі, тәрбиешінің үстелінде де дәл осындай карточкалар жайылып қойылады. 9-дың көлеміндегі бір санды атайды. Карточкасында осындай сан бар бала

үстелдің үстінен 10 санының құрамы шығуы үшін керекті карточканы тауып алады, сөйтіп қақпанға кіреді.

2-ші ойын. «Дүкенге бару»

Мақсаты: теңге туралы білімдерді бекіту; құны аз монеталардан белгілі бір сома жинап алу іскерлігін қалыптастыру; 10 санының құрамы туралы білімдерді бекіту.

Тақтаға кеңс заттардың суреттері ілінген (түстері мен өлшемдері әртүрлі қарындаштар, өшіргіш, резеңке, бетбелгілер, т.с.с.) Әрбір заттың жанында оның бағасы көрсетілген. 10 теңге деп жазылған карточканы іледі. Баалардың міндеті – 10 теңге қандай заттар сатып алға болатынын анықтау. Мыс: бағасы 6 теңге қызыл қарындаш пен 4 теңге тұратын бетбелгі. Әрбір дұрыс жауап үшін зат алады. Көп затты сатып алған бала жеңіске жетеді.

III.Сергіту сәті:

IV.Дәптермен жұмыс.

1-тапсырма. 10 санының құрамымен жұмыс. Өзара байланысты теңдіктер құру.

2-тапсырма. Заттың бағасын қосу амалының көмегімен анықтау.

«Торкөздерге» орындалатын тапсырма. Ұсақ қол қимылдарын дамыту.

V.Рефлексия.

30сабақ.

Тақырыбы:Сағат

Мақсаты: сағатпен танысу; уақытты сағат бойынша анықтау іскерлігін қалыптастыру; 10-ның көлемінде есептеу дағдыларын бекіту.

Көрнекіліктер: доп, сағат белгілері бар карточкалар, адамдардың суреттері..

I.Ұйымдастыру кезеңі. Психологиялық дайындық.

II. Негізгі білімді тиянақтау.

Мақсаты: жаңа тақырыпты оқып-меңгеру сақсатында бұрын меңсгерген белімдерді тексеру; «Өлшеуге бола ма?» бойжазу өткізу.

«Ұзындықты (түсті, көлемді, иісті, температураны , уақытты) өлшеуге болма?

Деген сұрақ қойып, допты балаға лақтырады. Бала «ия», «жоқ» деген жауап береді.

III. Жаңа материалды меңгеру. Ойын іс-әрекеті.

Балаларды сағатпен (механикалық, электронды, құм сағаттары, т.б.), сағат, минут, секунд тілдерімен таныстарды. Балалар уақытта сағат бойынша бір сағатқа дейінгі дәлдікпен анықтауды, сағат үлгілерінде уақытты белгілеп, өоюды үйрету.

1-ші ойын. «Алдымен не болған»

Мақсаты: уақытты сағат бойынша бір сағатқа дейінгі дәлдікпен анықтауды қалыптастыру; оқиғалардың реттілігін анықтап білу іскерлігін дамыту.

Адамдардың тәуліктің әр мезгіліндегі іс-әрекеттерін бейнелейтін суреттер тақтаға ретсіз ілінген. Суреттердің әрқайсысында уақытты көрсететін сағаттар бейнелеген. Мыс:Қыз төсегінен жинап жатыр», сағат 7 ні көрсетіп тұр», «Қыс таңға ас ішуге әзірленуде, сағат 8-де көрсетіп тұр», сурет бойынша балаларға сұрақтар қойып, жауап берген балаға фишка беріліп мадақтап отырады.

2-ші ойын 10-ның көлемінде есептеу дағдыларын бекіту; топпен жұмыс істеу іскерлігін дамыту.

Топ бойынша жұмыс істеу. Ойынға қатысушылардың әрқайсысына түрлі-түсті қатырма қағаздан жасалған бір-бір көбелек үлестіріледі: көк түстілер -I топ. Қызыл түстілер-II топ.

Көбелектердің әр қайсысына мысал жазылған. Тақтаға түрлі-түсті қатырма қағаздан қиылған, 0-10-ға дейінгі сандар жазылған гүлдер ілінеді. Белгі беру бойынша әрбір қатысушы өзінің мысалын

шығарады және көбелекті керекті сан жазылған гүлдің жанынан бекітеді.Топтың жұмыс аяқтаған кезде ойын аяқталады.

III.Сергіту сәті:

IV.Дәптермен жұмыс.

«Торкөздерге» орындалатын тапсырма. Ұсақ қол қимылдарын дамыту.

1-ші тапсырма. Уақытты механикалық электронды сағаттар бойынша анықтау.

Сыртылдайды күнімен,

Сыртылдайды түнімен.

Білгің келсе мезгілді,

Көркетеді тілімен. (сағат)

2-ші тапсырма.

Құны аз монеталардан белгілі бір сома жинап алу іскерлігін дамыту. логикалық ойнауды дамыту;

3-ші тапсырма. Сандарды салыстыру.

V.Рефлексия.

31-32 сабақ.

Тақырыбы: 1-10 сандар.

Мақсаты: 10-ның көлеміндегі сандарды тура және кері реттілігі білімдерні бекіту. 10-ның көлемінде сандарды салыстыру іскерлігін қалыптастыру.10 көлемінде сандарды есептеу дағдыларын дамыту.

Көрнекіліктер: доп, сандар белгілері бар карточкалар.

I.Ұйымдастыру кезеңі. Психологиялық дайындық.

II. Негізгі білімді тиянақтау.

Мақсаты: жаңа тақырыпты оқып-меңгеругедайындық мақсатында бұрын меңгерген сандар туралы білімдерді тексеру.

-Біз «Санда айт» деп аталатын бойжазу өткіземіз.

- Тесік күлшеге ұқсайтын қандай сан?

Аққуға ұқсайтын қандай құс?

Екі ілмекті әріпке ұқсайтын қандай сан?, т.б.

III. Жаңа материалды меңгеру. Ойын іс-әрекеті.

Балалар сандарды көрнекілікткрді пайдаланбастан, 10-ның көлемінде салыстыру үйренеді.

Балаларға сандарды арттыруға, кемітуге, сондай-ақ сандарды теңестіруге арналған түрлі тапсырмалар беріледі. Есептеу дағдыларын қалыптастыру үшін балаларға өлеңмен жазылған тапсырма ұсынауға болады.

1-ші «Пойыз»

Мақсаты: 10-ның көлемінде сандарды есептеу дағдаларын қалыптастыру; қимыл-қозғалыс белсенділігін дамыту.

Алдын-ала 4 орындық қойылады, оларды әрқайсысында 7,8,9,10 сандары жазылған карточкалар жатады. Балаларды таңдап алып оларға бүктелген түрде билеттер үйлестіріледі. Әр билетте бір –бір мысалдан берлген: $4+3$; $9-1$; $7+3$; т.с.с. белгі беру бойынша балалар билеттерді ашып, мысалдарды шешеді және өз орындарын (сәйкес карточка жатқан орындықты) табады. Орныдықтарға отырып үлгермеген балалар ойыннан шығады. Әрі қарай 2 орындық қалдырып, басқа балаларға жаңа билеттер үлестіреді. Ең соңғы қалған бала жеңіске жетеді.

2-ші ойын. «Математикалық безбендер»

Мақсаты: 10-ның көлемінде сандарды салыстыру іскерлігін дамыту. ойынға қатысушылардың әрқайсысына 0-10-ға дейінгі сандар жазылған карточкаларды еркін түрде үлестіріп, балаларды екі топқа бөледі, оларды қатарластырып тұрғызады. Әр жолы бір жұп баладан («р топтан бір бір баладан») ойнайды. Олар өз карточкаларындағы сандарды салыстырады. Саны үлкен болып шыққан екі карточканы да өзіне алады, ал карточкасыз қалған қатысушы ойыннан шығып, орнына отырады. Егер сандар бірдей болса, онда екі ойыншының да карточканы өзіне алады, ал карточкалары өздерінде қалады. Әрі қарай балалардың келесі жұбы ойынға шығады. Ойыннан соң қатысушылар карточкаларын қайтарып береді, оларды тағы да еркін түрде үлестіріп, балаларды 2 топқа бөледі. Ойын 1 ғана қатысушы қалғанаға дейін жалғасады.

III.Сергіту сәті:

IV.Дәптермен жұмыс.

«Торкөздерге» орындалатын тапсырма. Ұсақ қол қимылдарын дамыту.

1-тапсырма. Есептік санау. Жиынтықтарды салыстыру.

2-тапсырма. 0-10 сандарының реттілігімен жұмыс.

3-тапсырма. 10 санының құрамымен жұмыс.

V.Рефлексия.

Дидактикалық ойындар (5-6 жас)

Геометриялық пішіндерге арналған дидактикалық ойындар

Мақсаты: Балаларға біреуі артық немесе кем санды тауып, атауды үйрету.

Көрнекілік: Ою-өрнектер, геометриялық пішіндер салынған карточкалар жиынтығы, геометриялық пішіндер.

Барысы: Балалар геометриялық /үшбұрыш, шаршы, дөңгелек және с.с./ пайдаланып, мұғалімнің тапсырмасына үндеместен жауап беруі тиіс.

Тәрбиеші тапсырма береді, балалар оны орындайды.:

а/дөңгелектерден біреуін артық етіп, үшбұрыштарды қойындар /үш дөңгелек салынған сандық карточканы көрсетеді/;

б/мұндағы дөңгелектерден біреуін кем етіп, шаршыларды қойындар /бес дөңгелек салынған сандық карточканы көрсетеді/;

в/дәл осындай пішінді көрсетіндер /дөңгелекті көрсетеді/және осыларға сәйкес тапсырмаларды көрсетіндер.

Ойын соңында қорытынды шығарылады. Қатені аз жіберген қатар ұтып шығады. Ойынның барысында балалардың зейіні, қол қимылының жылдамдығы, дәлдігі қалыптаса бастайды және санауды, біреуі артық немесе кем санды тауып, оны атауды үйренеді.

«Дәл осындай пішінді тап»

Ойынның мақсаты: геометриялық пішіндер жайлы білімдерін бекіту, пішіндерді атауға, ажыратуға, салыстыруға жаттықтыру.

Ойынның құрал-жабдықтары: бала саны бойынша құлыптың суреттері, геометриялық пішіндер.

Ойынның мазмұны: алдарындағы сиқырлы құлыпты ашуды ұсыну. Құлыптың кілттері де сиқырлы, геометриялық пішіндерден құралған екенін айту. Әр бала құлыпқа сай келетін кілтті алып, құлыпты ашады.

«Үйдің есігін жабайық»

Ойынның мақсаты: заттарды өлшемі бойынша салыстыруға, жуан және жіңішке заттарды ажыратуға жаттықтыру. Ойлау қабілетін дамыту.

Ойынның құрал-жабдықтары: үйдің, есіктің суреттері.

Ойынның мазмұны: қағаздан қиылған, есігі жоқ үйдің суретін балаларға тарату. Жуан және жіңішке есіктерді үйдің өлшеміне сай келтіріп салуды ұсыну.

«Вагондарға дөңгелек таңдау»

Ойынның мақсаты: геометриялық пішіндерді ажыратуға, қасиеттерін білуге жаттықтыру, ойлау қабілетін дамыту.

Ойынның құрал-жабдықтары: қағазға салынған вагондар, әртүрлі геометриялық пішіндер.

Ойынның мазмұны: Балалар вагондарға лайық дөңгелектерді әртүрлі пішіндердің ішінен табады.

«Үй құрылысының ретін көрсет»

Мақсаты: түстерді ажыратуға жаттықтыру; ойлау қабілеттерін, қабылдау, ес, зейін процесстерін дамыту.

Құрал-жабдықтары: баланың саны бойынша әртүрлі түсті жолақтар, пішіндер, үй суретінің үлгісі.

Мазмұны: Балаларға үйдің суретінің үлгісін көрсету. Балаларға әртүрлі жолақшаларды, пішіндерді таратып беру. Үлгіге қарап осы пішіндерден үйді құрастыруды ұсыну.

«Бет орамалға лайық жамауларды табу»

Мақсаты: геометриялық пішіндерді ажыратуға, салыстыруға жаттықтыру; логикалық ойлау қабілеттерін дамыту.

Құрал-жабдықтары: бала саны бойынша қағаздан жасалған бет орамалдардың үлгісі, әртүрлі пішіндер.

Мазмұны: Балаларға бет орамалдардың үлгісін таратып беру. Алдарындағы пішіндердің ішінен әр орамалға лайық жамауды табуды ұсыну.

« Жұбын тап»

Мақсаты: геометриялық пішіндерді ажыратуға, салыстыруға жаттықтыру; білімдерін бекіту, ойлау қабілеттерін дамыту.

Құрал-жабдықтары: әртүрлі ретте орналасқан геометриялық пішіндердің суреттері.

Мазмұны: Балаларға геометриялық пішіндер орналасқан суреттерді тарату. Үлгі ретінде бір суретті көрсетіп, дәл осындай суреттің жұбын табуды ұсыну. Суреттердің дұрыстығын тексеру үшін оларды салыстыру.

«Әдемі кілемшелер»

Ойынның мақсаты: бөліктерден кілемше жасауға үйрету; қабылдау, ес, зейін процесстерін дамыту; ұйымшылдыққа тәрбиелеу.

Ойынның құрал-жабдықтары: қағаздан жасалған кілемшелер, геометриялық пішіндер.

Ойынның мазмұны: Балалар геометриялық пішіндерді берілген кілемшелердің үстіне қойып, құрақ құрайды.

«Таныс пішіндер доминосы»

Ойынның мақсаты: геометриялық пішіндер жайлы білімдерін бекіту; көп заттың ішінен біреуін таңдауға жаттықтыру.

Ойынның құрал-жабдықтары: пішіндер бейнеленген суреттер.

Ойынның мазмұны: Балаларға суреттерді таратып беру. Жүргізуші бірінші суретті үстелдің ортасына қояды, қалған балалар сурет сәйкес өзінің суретін қояды, суретте бейнеленген пішінді атайды. Ойын осылай жалғаса береді.

«Гараждар»

Ойынның мақсаты: геометриялық пішіндер жайлы білімдерін бекіту; ойлау қабілеттерін дамыту; жағымды көңіл-күйлерін қамтамасыз ету.

Ойынның құрал-жабдықтары: бала саны бойынша суреті бар рульдер, дәл сондай суреті бар гараждар.

Ойынның мазмұны: Балалар жүргізуші болады. Қолдарына суреті бар рульдерді таратып беру. Белгі бойынша балалар көліктерін жүргізіп ойнайды. «Көліктеріңді гараждарыңа апарып қойыңдар» - деген кезде, рульдегі суретіне ұқсас суреті бар гараждың жанына барып тұра қалады.

«Өз үйінді тап»

Ойынның мақсаты: түстерді ажыратуға жаттықтыру; қабылдауын дамыту; ойынның ережесін сақтауға үйрету.

Ойынның құрал-жабдықтары: түрлі-түсті дөңгелектер.

Ойынның мазмұны: Балаларға түрлі-тісті дөңгелектер тарату, түсін атау. Үйлерін көрсету. Белгі бойынша балалар дөңгелектерінің түсі бойынша үлкен шеңберлерге тұра қалады.

«Зейінді бол»

Мақсаты: Күрделі геометриялық суреттен үшбұрышты, төртбұрышты, шеңберді көрсете білу.

Көрнекілік: Геометриялық пішіндер кескінделген суреттер /5—сурет/.

Барысы: Тәрбиеші көрсеткіш таяқшамен бірінші /екінші, үшінші, төртінші, бесінші, алтыншы/ суретті нұсқап, балаларға мынадай сұрақ қояды: Суреттен қандай таныс пішінді көресіңдер? Әрбір суретте өзара ұқсас неше пішін бар?

Есептеу кезінде аз қателескен қатар ұтып шығады.

«Мынау қай пішін?»

Мақсаты: Геометриялық пішінді сипалап анықтау арқылы айта білу.

Көрнекілік: Картоннан жасалған геометриялық пішіндер 5—түрі.

Барысы: Бала топқа қарап тұрып, қолын артқа ұстайды. Тәрбиеші оның қолына геометриялық пішінді ұстатады. Бала оны сипап байқап, балаларға көрсетпей атын атайды.

«Кім зейінді?»

Мақсаты: Белгілі геометриялық пішіндерден әртүрлі нәрселер құрастыру.

Көрнекілік: Сіріңке қорабында таратпа геометриялық пішіндер.

Барысы: Тәрбиеші төмендегі бейнелерді геометриялық пішіндерден алып бейнелер құрайды. Жылдам болған бала мадақталады.

«Қандай пішін шықты?»

Мақсаты: Таяқшалардан таныс геометриялық пішіндер құрастыра білу.

Көрнекілік: Әрбір балаға 10 данадан санағыш таяқшалары

Барысы: Тәрбиеші балаларға үш таяқша алып, олардан пішін құрастыруды ұсынады. Қандай пішін шықты? Енді төрт таяқша алып, пішін құрастыру ұсынылады.

Қандай пішін шықты? Тәрбиеші тағы да бір таяқша алып, оны шаршының, төртбұрыштың үстіне қоюды ұсынады. Қандай пішін шықты?

«Біркелкі пішіндерді сана»

Мақсаты: Пішіндерді танып, топтастыра білуге үйрету. Ойлау қабілетін, қол қимылын жаттықтыру.

Көрнекілік: Геометриялық пішіндер суреттері бар, таратпа суреттер. (15 дана)

Барысы: Әр балаға пішіндер суреттері бар, суреттер таратылып беріледі. Суреттерден біркелкі пішіндерді санап атау.

«Бос торларды сәйкес пішіндермен толтыр»

Мақсаты: Геометриялық пішіндерді танып, атай білуге үйрету. Бос торларды сәйкес пішіндермен толтырту.

Көрнекілік: Әр балаға жеткілікті таратпа суреттер.

Барысы: Балаларға суреттер таратылып беріледі. Суреттердегі бос торларды сәйкес пішіндермен толтыр.

«Қандай пішін жетіспейді?»

Мақсаты: Геометриялық пішіндерді атай білуге үйрету. Қай пішін жетіспейтінін тапқызу.

Көрнекілік: Геометриялық пішіндер. (Қораптан алу)

Барысы: Тақтаға геометриялық пішіндер қойылады. Балаларға көздерінді жұмындар деп, бір пішінді алып қояды. Балалар қай пішін жетіспейтінін табады.

«Пішіндерді боя»

Мақсаты: 1.Түстерді тани білуге үйрету.

2.Ойын элементтерін пайдалана отырып математикаға қызығушылықтарын арттыру.

Көрнекілік: Геометриялық пішіндер

Барысы: Балаларды ұйымдастырып, оларға ақ бет қағаздағы пішіндердің суреттері таратылып беріледі. Бұл суреттегі пішіндер боялмаған. Тәрбиеші балаларға тақтаға боялған пішіндерді ұсынады. Балалардың міндеті сол тақтадағы түстеріне қарап алдарындағы пішіндерді сондай түспен бояйды. Мұндай ойын балалардың түсінулерін және шапшаңдықтарын шыңдайды.

Өлшемдер туралы дидактикалық ойындар

«Сиқырлы суреттер»

Ойынның мақсаты: балалардың логикалық ойлау қабілетін, ес, зейін, қабылдау процесстерін дамыту.

Ойынның құрал-жабдықтары: әр түрлі сурет бөлінділері.

Ойынның мазмұны: Балалар алдарындағы үлгі бойынша бөлінділерден сурет құрайды. Сурет бойынша әңгіме құрауды ұсыну.

«Сиқырлы қапшық»

Ойынның мақсаты: заттарды белгілі бір қасиеттері бойынша салыстыруға, топтастыруға үйрету.

Ойынның құрал-жабдықтары: түсі, өлшемі, пішіні бойынша әр түрлі ойыншықтар.

Ойынның мазмұны: Балалар «Сиқырлы қапшықтың» ішіндегі затты ұстап көріп, пішінін анықтайды, ойыншықты алған соң атын атап, түсін айтады.

«Көзіңді жұмып, қолыңмен анықта»

Ойынның мақсаты: Ұзын-қысқа, жуан-жіңішке, үлкен-кіші ұғымдарын бекіту.

Ойынның құрал-жабдықтары: қарындаштар, таяқшалар.

Ойынның мазмұны: Балалар сипап – сезу арқылы заттың ұзын - қысқалығын анықтау. Ұзындығы әртүрлі қарындаштар алынады. Жүргізуші бір баланы шақырып, оған «көзіңді жұм да, қарындаштың ұзын-қысқалығын анықта» деген тапсырма береді.

«Зейінді бол»

Ойынның мақсаты: Биік және аласа ұғымдарын бекіту; логикалық ойлауын дамыту.

Ойынның құрал-жабдықтары: биік және аласа заттар бейнеленген суреттер немесе ойыншықтар.

Ойынның мазмұны: Балаларға биік және аласа заттардың суреттерін немесе ойыншықтарын қарастыруды ұсынады. Әр суретте не бейнеленгенін анықтау. Биік затты көрсеткенде балалар орындарынан тұрады, аласа затты көрсеткенде бастарын төмен түсіреді.

«Ұзын-қысқа»

Ойынның мақсаты: өлшемдердің қасиеттерін қабылдауға үйрету; тапсырманы орындауға жаттықтыру.

Ойынның құрал-жабдықтары: ұзын және қысқа жолақшалар.

Ойынның мазмұны: Балаларға ұзын және қысқа жолақшаны көрсету. Өлшемін анықтау.

Жолақшаларды таратып беру. Үстелдің үстіндегі жолақшалардың ішінен ұқсас жолақшаны табуға тапсырма беру.

«Шамдар»

Мақсаты: қасиеттері бойынша заттарды топтастыруға, түстерді, өлшемдерді ажыратуға жаттықтыру; зейіндерін дамыту.

Құрал-жабдықтары: бала саны бойынша әртүрлі шамдар

Ойынның мазмұны: Балаларға шамдарды таратып беру, шамдардың түсін, өлшемін анықтауды ұсыну. Балалар тәрбиешінің шамын өздерінің шамдарымен салыстырады. Белгі бойынша тәрбиешінің шамына ұқсас шамдары бар балалар ортаға жүтіріп шығады.

«Қолымда не бар?»

Ойынның мақсаты: ұзын-қысқа, жуан-жіңішке, үлкен-кіші, оң-сол жайлы білімдерін бекіту.

Түйсіну сезімдерін дамыту.

Ойынның құрал-жабдықтары: ұсақ тастар, жаңғақтар.

Ойынның мазмұны: Баланың қолына үлкендігі әртүрлі заттарды ұстату. Мысалы, үлкен және кіші тастар. Бала қолына қарамастан, сипап-сезу арқылы үлкен-кіші заттың оң және сол қолында екенін анықтайды. Қалған балалар оның жауабынын дұрыстығын тексереді. Жуан-жіңішке, ұзын-қысқа өлшемдері бойынша жұмыс осылайша жүргізіледі.

«Қуыршақ қонаққа дайындалуда»

Ойынның мақсаты: ұзын-қысқа, жуан-жіңішке, ұзындығы бірдей деген өлшемдерді салыстыруға жаттықтыру.

Ойынның құрал-жабдықтары: ұзындығы, жуандығы, түсі әртүрлі ленталар.

Ойынның мазмұны: Қуыршақ қонаққа барады, киімін киюге, шашына бантик таңдауға көмектесуді ұсыну. Көп бантикердің арасынан ұзындығы бірдей екі бантикті табу керек. Әдемі бантикермен қуыршақтың шашын әсемдеу.

«Тапсырманы орында»

Ойынның мақсаты: үлкен және аз заттарды ажыратуға жаттықтыру.

Ойынның құрал-жабдықтары: үлкендігі әртүрлі ойыншықтар.

Ойынның мазмұны: бір баланы ортаға шақырып, оң қолына үлкен ойыншықты, сол қолына кішкентай ойыншықты ал деп тапсырма береді. Ойын осылай жалғаса береді.

«Қай қолымда көп»

Ойынның мақсаты: аз және көп заттарды ажыратуға, салыстыруға жаттықтыру; ойлау қабілеттерін дамыту.

Ойынның құрал-жабдықтары: әртүрлі ұсақ заттар—моншақтар, түймелер

Ойынның мазмұны: ортаға бір баланы шақырып, оң және сол қолына көп және аз заттарды ұстатады. Бала алдымен көз мөлшерімен қай қолда зат көп, қай қолында аз зат бар екенін анықтайы. Одан кейін заттарды қатарымен қойып, қай қатарда көп, қай қатарда аз зат тұрғанын салыстырады.

«Сипаттамасы бойынша тап»

Ойынның мақсаты: ұзын-қысқа, кең-тар, биік-аласа ұғымдарын бекіту.

Ойынның құрал-жабдықтары: жануарлардың, құстардың ойыншығы.

Ойынның мазмұны: балалар аю, түлкі, қасқыр, қоянның ойыншықтарын қарастырады. Әр ойыншықты анықтап атын атайды. Ойнаушылардың біреуі бөлмеден шығып кетеді, басқа ойнаушылар ойыншық туралы жұмбақ құрастырады. Жұмбақ құрастырғаннан кейін жұмбақты шешетін баланы шақырады.

«Көп және біреу»

Ойынның мақсаты: көп және біреу қатынастарын білуге үйрету; заттардың тең, тең емес топтарын салыстыру.

Ойынның құрал-жабдықтары: көп және бір зат бейнеленген суреттер.

Ойынның мазмұны: балалар берілген суреттерді қарастырады. Көп зат және бір зат бейнеленген суреттерді бөліп, екі жаққа қояды.

«Түрлі-түсті жолақтар»

Ойынның мақсаты: түстерді атауға, салыстыруға жаттықтыру; берілген тапсырманы орындауға ынталандыру; достық қарым-қатынастарын тәрбиелеу.

Ойынның құрал-жабдықтары: қағазға желімделген әртүрлі жолақшалар.

Ойынның мазмұны: балаларға жолақшаларды көрсету, түстерін атау. Берілген жолақшаның түсі бойынша үстелдің үстіндегі дәл осындай жолақшаны табу.

«Ұзын және қысқа»

Ойынның мақсаты: өлшемдердің қасиеттерін қабылдауға үйрету; тапсырманы орындауға жаттықтыру.

Ойынның құрал-жабдықтары: ұзын және қысқа жолақшалар.

Ойынның мазмұны: балаларға ұзын және қысқа жолақшаны көрсету. Өлшемін анықтау.

Жолақшаларды таратып беру. Үстелдің үстіндегі жолақшалардың ішінен ұқсас жолақшаны табуға тапсырма беру.

Кеңістіктер туралы дидактикалық ойындар

«Кеңістік»

Мақсаты: балаларды кеңістікті бағдарлауға жаттықтыру; ойлау қабілеттерін, қабылдау, зейін процесстерін дамыту.

Құрал-жабдықтары: әртүрлі заттар бейнеленген суреттер.

Мазмұны: Балалардың алдында үлкен бөлменің суреті тұрады. Балаларға суреттерді таратып беру. Суреттерді орындарына орналастыруды ұсыну. Мысалы, балықты аквариумға салу, гүлді үстелдің үстіне, суретті қабырғаға ілу. Ойын осылай жалғаса береді.

«Жоғарыда-төменде»

Ойынның мақсаты: жоғары–төмен ұғымдарын пысықтау. Байқағыштықты, зейін, қиялды дамыту.

Ойынның құрал-жабдықтары: құстардың, жануарлардың суреттері.

Ойынның мазмұны: Бала қораптың ішінен бір суретті алып, атын атап, орнын анықтап үлкен суретке бекітеді. Мысалы, ұшақ жоғарыда аспанда ұшады, балық төменде су ішінде жүзеді.

«Оң және сол»

Ойынның мақсаты: үлкен және аз заттарды ажыратуға жаттықтыру.

Ойынның құрал-жабдықтары: үлкендігі әртүрлі ойыншықтар.

Ойынның мазмұны: Бір баланы ортаға шақырып, оң қолына үлкен ойыншықты, сол қолына кішкентай ойыншықты ал деп тапсырма береді. Ойын осылай жалғаса береді.

«Суреттерді орналастыр»

Ойынның мақсаты: заттарды топтастыруға жаттықтыру, өз бетінше тапсырманы орындауға дағдыландыру, ойлау қабілетін дамыту.

Ойынның құрал-жабдықтары: тор көз салынған қағаз беттері, әртүрлі суреттер.

Ойынның мазмұны: Балалар берілген суреттерді әр бағанмен жолға олардың бірі ғана келетіндей етіп, шаршы тор көздерге орналастырады.

«Танып ал да, атын ата»

Ойынның мақсаты: заттың түр-түсін, пішінін, атын атауға жаттықтыру; сөздік қорын молайту; ойлау қабілетін дамыту.

Ойынның құрал-жабдықтары: әр түрлі ойыншықтар немесе суреттер.

Ойынның мазмұны: Балаларға әртүрлі ойыншықтарды көрсету. Ортаға бір-бір баладан шақырып, бір ойыншықты алып, оның түр-түсін, пішінін, қасиетін анықтауды және сол ойыншық жайлы әңгіме құрауды немесе тақпақ айтып беруді ұсынады.

«Тәулік бөліктері »

Ойынның мақсаты: тәулік бөліктері жайлы білімдерін бекіту; тәулік бөліктерін атауға, ажыратуға жаттықтыру.

Ойынның құрал-жабдықтары: суреттер

Ойынның мазмұны: Балалар кезектесіп суретті алып, тәуліктің қай бөлігі екенін айтады, сол сурет бойынша әңгіме құрайды.

«Сипаттамасы бойынша тап»

Мақсаты: Ұзын-қысқа, кең-тар, биік-аласа, үлкен-кіші ұғымдарын бекіту.

Көрнекілік: Топтағы жануарлар бейнелейтін ойыншықтар.

Ойынның мазмұны: Сөреге аю, қоян, қасқыр, түлкі т.с.с 5-6 ойыншықтар қояды. Әрбір ойыншықтарды анықтап қарап, атын қайталайды. Балалардың біреуін бөлмеден шығарып, ойыншықтар туралы жұмбақтар құрастырады, м: «Ұзын құлақ, қыли көз, қысқа құйрық-бұл қай аң? Жұмбақтарды құрастырып болған соң, баланы шақырады. Егер ол жұмбақ дұрыс шеше алмаса, қолына сол ойыншық беріледі де, жұмбақ қайта айтылады.

«Қалай жүріп, нені тапқың келеді?»

Мақсаты: Кеңестікті бағдарлай білуге үйрету. Оң-сол, алдында- артында ұғымдарын бекіту.

Көрнекілік: Кез-келген ойыншықтар немесе суреттері.

Ойынның мазмұны: Тәрбиеші ойыншықтарды топтың әр жеріне қояды: баланың оң жағына- машина, сол жағына-доп, алдына-куыршақ, артына-зымыран қойып былай дейді: «алдында куыршақ, оң жағында машина, сол жағында доп, артында зымыран, қалай жүріп, нені тапқың келеді?»

«Доппен ойнау»

Мақсаты: «Жоғары-төменде», «астында-үстінде», «сол жақта-оң жақта» ұғымдарын бекіту.

Көрнекілік: доп.

Ойынның мазмұны: 1-вариант. Балалар екі командаға бөлінеді. Жіп керіліп, оның екі ұшынан ұстап тұруға болады.

«Доп төменде» деген бұйрық берілісімен екі бала /әр командадан/ бірден допты жіптің астынан алып өтеді де, «доп жоғарыда» деген бұйрық берілісімен жіптің үстінен лақтырады. Әрі қарай ойынды ойыншылардың келесісі жалғастырады. Ешқандай қате жібермеген команда ұтып шығады.

2-вариант: Балалар сапқа тұрады. Доп бірінші баланың қолында «доп оң жақта» деген бұйрық айтылғанда доп оң жаққа беріледі. «Тоқта» деген бұйрық бойынша допты сапта тұрған балалардың біреуі ұстап қалады. «Доп сол жақта» деген бұйрық бойынша доп сол жаққа беріледі.

Тапсырманы дәл әрі тез орындаған балалар жеңімпаздар атанады.

«Ойыншықты тап»

Мақсаты: Кеңестікті бағдарлай білуге үйрету.

Көрнекілік: Топтағы ойыншық.

Ойынның мазмұны: Тәрбиеші ойыншықты тығып қойып, бір баланы тақтаға шақырады. Тәрбиеші нұсқауымен, мысалы: 1 адым алдыға оңға бұрыл, 2 адым алдыға тура жүр деп ойыншыққа дейінгі жолды айтып отырады. Бала айтылған нұсқаумен дұрыс жүріп отырса, ойыншықты табады.

«Жоғарыда–төменде, биік-аласа»

Мақсаты: жоғары- өмен, биік-аласа ұғымдарын пысықтау.

Көрнекілік: Көгілдір аспан, жасыл алқап, өзен бейнеленген сюжетті суретті плакат тақтада. Қорапта ұшақтың, құстар түрлері, балық түрлері, аңдар түрлері қатырма қағаздан жасалған.

Барысы: Тақтаға бір бала шақырып қораптағы бір бейнені алып, атын атап, орынын анықтап сюжетті суретке іледі. Мысалы: Ұшақ жоғарыда-аспанда ұшады, балық төменде-су ішінде жүзеді, - деп сипаттап айту керек.

Сандық құрамды ажыратуға арналған ойындар

«Карточкаға қандай сан жазылған?»

Көрнекілік: Суретті карточкалар.

Барысы:

1 вариант: Тәрбиеші карточканың бетіндегі 2 түсті дөңгелекті төмен қаратып қолына ұстап тұрады да, балаларға былай дейді: «Карточкада екі сан» бейнеленген. Егер оларды қоссақ 5 болады. Карточкада қай сандар бейнеленген? «Балалар түрліше жауап береді». Балалардың біреуі карточкада жазылған сандарды атаған кезде тәрбиеші карточканы топқа көрсетеді.

2 вариант: «Егер тоғыздан біреуін кемітсендер, сендер менің қолымдағы санды табасындар». Балалар бұл санды атайды. Жауабын бірнеше баладан сұрау керек. Тәрбиеші сандық карточканы балаларға алдын ала көрсетеді.

Бірінші болып дұрыс жауап берген бала ұтып шығады.

«Автобус»

Мақсаты: Санның құрамын пысықтау.

Көрнекілік: Сандық карточкалар.

Барысы: Алаңға бормен тікбұрыш /автобус/ сызылған. Екі бала бақылаушылар болып, бетіне «5» цифры жазылған үлкен карточканы ұстап тұрады. «Автобусқа» сандық карточкаларында бейнеленген дөңгелектердің қосындысы

5 болатын /жол ақысы/ балалар ғана жұптасып отырады. Ойын басталды дегеннен кейін әрбір бала өз сыңарын іздеп табуға тырысады /2 және 3, 3 және 25, 1 және 4, 4 және 1/. Жұптар бірінен соң бірі сапқа тұрады, «автобусқа» кіреді, өздерінің сандық карточкаларын көрсетеді, ал «бақылаушылар» жұптардың дұрыс таңдалуын тексереді.

«Сан құрастыр»

Мақсаты: Санның құрамын пысықтау.

Көрнекілік: Суретті карточкалар.

Барысы: Тәрбиеші бетіне бір сан, мысалы «6» саны жазылған карточканы көрсетеді. Әрбір бала қосындысы «6» санын құрайтын екі сандық карточканы көрсетуі тиіс.

Мысалы: бір карточкада 5 дөңгелек, екіншісінде—1 дөңгелек, біреуінде—3, екіншісінде—3 шаршы және с.с.

«Ою құрастыру»

Көрнекілік: Бірнеше бөліктерге бөлінген ою элементтері.

Мақсаты: Балаларды сандардың ретін, құрамын оңай табуға, таңбаны айыра білуге дағдыландыру.

Барысы:

1-вариант. Оюдың элементтерін жекелеп қиып, мысалы 4 қошқар мүйізді 2-ге бөліп, 8 бөлікті балаларға таратып береді. Түстерін сәйкестендіру, бөліктерін қиюластыру арқылы ою-өрнек құрастырылады.

2 вариант. Ою бөліктерінің келесі бетіне сан жазылады.

Өрнекті құрастыру санға сәйкес орындалады.

«Поезд құрастыр»

Мақсаты: 1-ді қосу таблицасын қайталау.

Көрнекілік: 1-ді қосу таблицасы берілген карточкалар, 0+1, 1+1, 2+1, т.с.с.

Барысы: Тәрбиеші карточкаларды балаларға таратып береді, оларды вагондар, ал бір баланы тепловоз деп тағайындайды. Балалар қолдарындағы карточкаларына қарай отырып, алдымен «тепловозға» ретімен тіркелуі тиіс.

«Заттарды сана»

Мақсаты: 1. Балалардың назарын дамыту, байқағыштықтарын арттыру. 2. Көкеністер санымен сандарды тауып қою. 3. Ойын арқылы көкеністер түрлері туралы білімдерін бекіту.

Көрнекілік: Көкеністер суреттері, сіріңке қорабындағы сандар.

Барысы: Тәрбиеші балаларға көкеністердің суреттерін таратып береді. Бір суретте бірнеше

көкеністер түрлері болуға тиіс. Балаларға қойылатын талап көкеністер санын анықтау.

«Дыбыс арқылы санды тап»

Мақсаты: Есту мүшелері арқылы баланың ойлау қабілетін анықтау.

Көрнекілік: Сіріңке қорабындағы таратпа сандар.

Барысы: Тәрбиеші қарындашпен үстелді дыбыс шығатындай етіп тықылдатады. Балалар тыңдап отырып алдарындағы цифрларынан тиісті санды көрсетеді.

«Тез ойла»

Мақсаты: 1.Балалардың заттарды салыстыру, оң жақ, сол жақ сияқты түсініктерін дамыту. 2.

Кеңестікті бағдарлай білуге үйрету. 3. Ойын арқылы шапшандыққа, тез ойлауға баулу.

Көрнекілік: Топтағы заттармен.

Барысы: Тәрбиеші балаға өзінің алдында, оң, сол жақтарында нелер тұрғанын айтқызу. Кеңестікті бағдарлай білуге үйрету.

«Қанша? Қандай?»

таныстыру.

Көрнекілік: Сандар («Шалқан», «Бауырсақ» ертегісі бойынша)

Барысы: Әр топтағы заттардың санын анықтау. Қораптан керекті санды алып қойып, ертегіні әңгімелеу, сандармен ретін анықтау. «Шалқан» ертегісі бойынша атасы бірінші, апасы екінші, қызы үшінші, т.б. пайдалана кетуге болады.

«Әрі қарай кері сана»

Мақсаты: 10 көлеміндегі сандарды кері қарай санауды қайталау.

Көрнекілік: Доп, сандық карточкалар.

Барысы: Тәрбиеші көлемдегі санды көрсетеді де, бір баланың атын атап: «Әрі қарай кері сана» - дейді. Ол : «Тоғыз, сегіз, жеті» деп санай бастайды.Тәрбиеші балалардың біреуіне қарап, доп лақтырады. «Жеті» - дейді. Допты тосып алған бала «үш, екі, бір» деп жалғастырады.

«Жазылмай қалған сандарды ата»

Мақсаты: 1. Балалардың сандардың реті туралы білімдерін бекіту. 2.Ойын ойнау арқылы байқағыштыққа, тез орналастыруға баулу. 3.Ойын элементтерін пайдалана отырып математикаға қызығушылығын арттыру.

Көрнекілік: 15 дана сіріңке қорабындағы сандар.

Барысы: Тәрбиеші балаларға текшелер таратып береді. Ол текшелерде сандар жазылады, сандар ретімен толық жазылмайды. Мысалы: 1 3 6 8 9.

Балалардың міндеті сол қолдарындағы текшелерден жазылмай қалған санды анықтап атау. Егер сандар ретін анық атап шықса, жұлдыздармен марапатталады. Ал егер сандар қатарындағы жок санды таба алмаса, текшедегі бар сандардың құрамын анықтайды.

«Қуыршақтардың сыйлықтары»

Мақсаты: 1. Сандар мен олардың құрамы туралы білім беру.

2. Ойын ойнау арқылы шапшандыққа, өз бетімен жұмыс жасау дағдыларын дамыту.

Көрнекілік: Қуыршақ, шарлар.

Барысы: Қуыршақтың сыйлық шарлары таратылып беріледі. Балалар ол шарларды үрлеп, қандай түсін және қанша екенін айтады. Үрленетін шарлардың түстері үш түрден аспауы керек. Шардың санымен артық, қандай түсті шардың кем екенін балаларға айтқызу.

«Жәндікте неше аяқ бар?»

Мақсаты: 1.Балалардың санау және есептеу дағдыларын қалыптастыру. 2.Жәндіктер туралы түсініктерін жаңарту. 3.Ойын элементтерін пайдалана отырып математикаға қызығушылықтарын арттыру.

Көрнекілік: Ойыншық жәндіктер

Барысы: Тәрбиеші балаларға бірнеше суреттер таратып береді. Бұл суреттерде әртүрлі жәндіктер суреттеледі. Балалардың міндеті осы суреттегі жәндіктердің қанша аяғы бар екенін анықтау. Ол үшін суреттердегі жәндіктердің аяқтарын санап сол суреттің астына кеспе цифрлар арқылы белгілеп отырады да соңынан ең аяғы көп жәндіктің суретін салу ұсынылады.

«Нешінші?»

Мақсаты: «Нешінші?» ұғымын қалыптастыру.

Көрнекілік: Топтағы 10 түрлі ойыншықтар.

Барысы: Тақтаға 10 түрлі ойыншықтар суреті ілінеді. Ортаға бір бала шығып, қатардан бір ойыншықты алады. Балалар қатардан нешінші затты алғандығын алақандарын шапалақтау арқылы көрсетеді. Ойыншықтың атын атау керек. Ойын барысында «нешінші?» деген ұғымды қалыптастыру. Балалардың сөздік қорын дамыту, қызығушылығын арттыру.

«Қай қолымда көп?»

Мақсаты: Заттардың екі жиынтығын салыстыра білуге үйрету.

Көрнекілік: Асықтар, топтағы ұсақ заттар.

Барысы: Балалар екі топқа бөлінеді, оның әрқайсысы алма-кезек тәрбиешінің үстеліне өз өкілін жібереді. Бір бала қолын артына ұстайды. Алдымен тәрбиешінің одан соң балалардың бірі оның қолына текше, түйме әртүрлі ұсақ нәрселерді ұстатады. Бірақ ол бір қолда көп, екіншісінде аз болуы керек. Бала алдымен көз мөлшерімен нәрсенің қолында көп екенін анықтау. Қай қатарда көп, қай қатарда аз екенін салыстыру керек.

«Қол соғу»

Мақсаты: Тез, дәл қимыл жасау, есту қабілетін жетілдіру, ретімен санауды, қанша, қанша болса сонша ұғымдарын қалыптастыру.

Көрнекілік: Тәрбиешінің және әрбір баланың алдына тілі бар дөңгелек/1-сурет/.

Барысы:

1-вариант: Тәрбиеші қол соғады. Балалар санайды. Тақта алдына шақырылған бала тәрбиешінің неше рет қол соққанын айтуы немесе дөңгелектің тілін саны сонша қара дөңгелекшелер тұрған бөлікке қаратып қоюы тиіс.

2-вариант: Ойын күрделенеді. Балалар үндемей, қол соғу санын есептейді, әрқайсысы дөңгелек тілін өздігінен жылжытады. Тәрбиеші қатарларды аралап, ойын ережесінің дұрыс орындалуын тексереді.

Ойын екі-үш рет қайталанған соң, қорытындысы шығарылады. Ойыншылары қателеспеген қатар ұтып шығады.

«Өзара айырмашылығын тап»

Мақсаты: 1. Суреттерді салыстыра отырып, айырмашылығын тапқызу.

2. Сөйлеу дағдыларын қалыптастыру, ойлау қабілетін жетілдіру.

Көрнекілік: бала санына (15 дана) суреттер жинағы.

Барысы: Әр балаға суреттер таратылып беріледі. Суреттерді салыстыра отырып, айырмашылығын тапқызу.

«Қанша болса, сонша»

Мақсаты: Сандарды тани білуге үйрету. Берілген тапсырманы дұрыс орындай білуге жаттықтыру.

Көрнекілік: Сандық карточка. («Кеспе сан» қалтасынан алу)

Барысы: Тақтаға 3 бала шығарып, сандық карточканы көрсетіп, карточкада қандай сан тұрса, сонша қимыл көрсету. Тапсырманы сандарды өзгерте отырып, 2-3 рет қайталау.

«Керісінше айт»

Мақсаты: Тәулік жөнінде түсініктерін кеңейту. Қарама-қарсы мағыналы сөздермен жауап бере білуге үйрету.

Көрнекілік: доп

Барысы: Балаға допты беріп қарама-қарсы мағыналы сөзбен жауап беруді сұрайды. Мысалы: «таң» десе, бала «кеш» деп жауап береді.

«Неше саңырауқұлақ немесе көкеністер?»

Мақсаты: Артық-кем ұғымдарын бекіту.

Көрнекілік: Кәрзеңке, саңырауқұлақтар, көкеністер. (15 дана)

Барысы: Тәрбиеші балаларға былай дейді : «Саңырауқұлақтың саны үштен кем, бірден артық. Неше саңырауқұлақ бар? Кәрзеңкеге көкеніс түрлерін салғызып жаттығуды қайталайды.

«Апта күндері»

Мақсаты: Апта күндерін атап, есте сақтай білуге үйрету.

Көрнекілік: Апта күндерін шартты түрде белгілейтін 1-ден 7-ге дейін дөңгелектермен дайындалған карточка.

Барысы: Арнайы дайындалған карточканы көрсетіп, таныстыру. Апта күндерін атату, карточканы таратып беру. Тақтаға шыққан бала карточкаға сәйкес өз апта атын білу керек. Тәрбиеші бұйрығымен, «дүйсенбі» бір адым алдыға десе, тұрып қалмай алдыға шығу керек. Бұдан соң балалар кезекпен ауысып тақтаға шығады.

«Қиындыларды дұрыс бөл»

Мақсаты: Қиындыларды түсі мен ұзындығы бойынша айыра білуге жаттықтыру.

Көрнекілік: Әрбір балаға ұзындықтары мен түсі әртүрлі, мысалы: 2 қызыл, 1 жасыл, 2 сары, ең ұзын-сары, ең қысқа-қызыл, ұзындықтары бірдей: қызыл, жасыл, сары қиындылар жиынтығы.

Барысы: бірнеше тапсырмадан тұрады.

1- тапсырма: балаларға барлық қызыл қиындыларды сол жаққа, сары қиындыларды оң жаққа, жасыл қиындыларды ортаға қоюды тапсырады.

2- тапсырма: бірдей қиындыларды бірінің үстіне бірін тізіп қою.

3- тапсырма: оң жаққа ең ұзын, сол жаққа ең қысқа қиындылар қою.

4- тапсырма: қиындылардың ең қысқасынан бастап, ең ұзынына қарай реттеп, бір қатарға қою. Тапсырманы дұрыс орындаған столдағы балалар жеңімпаз атанады.

«Қандай сандар жетіспейді?»

Мақсаты: Сандарды тани білуге, аталған сан арасындағы санды атай білуге үйрету.

Көрнекілік: сіріңке қорабындағы таратпа материалдағы сандар.

Барысы: тәрбиеші екі санды атайды, мысалы: 3-5 десе, балалар қораптан сол сандарды алып, ортасындағы санды қою керек.

«Көрші–көрші»

Мақсаты: Сан құрамын атап, неше бірліктен тұратынын, сандарды салыстыра білуге үйрету.

Көрнекілік: Кеспе қалтадағы сандық карточкалар: 1-10.

Барысы: Тәрбиеші бір санды атайды, м:7 санын. Тақтаға бір бала шығып аталған санды «кеспе қалтадағы» сандар арасынан 7 санын алып қояды. Тәрбиеші: осы санның көршілерін көрсетіндер дегенде , екі бала шығып 6 және 8 санын көрсетеді. Әр бала өз санын түсіндіру керек, м: 7 саны 6 санынан 1-уі артық, 8 санынан 1-уі кем, 7 бірліктен тұрады.

«Таным» білім беру саласындағы логика бөлімін ұйымдастыруға арналған талаптарға мыналарды жатқызуға болады деп ойлаймын.

- Заттық іскерлік (ең қарапайым есептеулерді жүргізу , қоршаған дүниеден геометриялық пішіндерді тани білу, шамаларды ажырату және өлшеу, т.б.)
- Математикалық білімдерді күнделікті өмірде қолдану;
- Өз бетінше ойлау мен пайымдау, алынған ақпаратты талдау мен қорытынды жасау. шығармашылық тұрғыда ойлау және іс-әрекеттерді болжау, басты нәрсені екінші дәрежелі нәрседен ажырата алу мен заңдылықтарды таба білу іскерлігі;
- көзбен көріп қабылдау мен қиялдау, зейін қою мен есте сақтау;
- тұлғаның ойлау қызметі мен даму амалдарының аса маңызды компоненті ретіндегі балалардың сөйлеу мәдениеті.

Математиканы оқытудағы ақыл-ой әрекетінің белсенді ойын және қызықтырушылық формалары негізінде құрылды.

Сабақ кезінде жақсы көңіл – күй ахуалы орнап, өзара әңгімелесу емін-еркін түрде жүреді. Мектеп жасына дейінгі кезде тұлғаның жалпы дамуында эмоция аса маңызды рөлдің біріне ие. Бұл балалар денсаулығын сақтау үшін де өте маңызды.

Тәрбиешінің ісерлі сөзі, әрбір балаға мейірім – ықыласпен қарауы олардың бойында сергек, жақсы көңіл-күй қалыптастырады, мектеп жасына дейінгі тәрбиеленушілердің сабаққа ынтасы артады, бұл жаңа білімдерді игеруге оң ықпал етеді. Егер балалар тапсырманың орындауда ынталылық танытып жатса, тапсырма түгел немесе дәл орындалмаған күннің өзінде де оларды мақтап қойған жөн.

Балалардың сүйіспеншілік оятқан сабақ келесі сабақтарды өткізуге де жағымды әсер етеді.

Пайдаланылған әдебиеттер.

1. Құрманалина . Ш.Х., Сәрсенбаева.С. Ш. Өміртаев Р. Қ. Математикадан дидактикалық ойындар мен қызықты тапсырмалар, 1-сынып. Алматы, «Атамұра», 1997, 48б
2. А.Жұмаділдаев. «Геометриялық фигуралар». 2007.
3. Дүсенбай Е. «Санамақ» алматы 1996
4. Елубай Е «Балаларға базарлық». Алматы 2007
5. «Айгөлек», «Блдырған», «Баламен балабақша» журналдары 2013-2015-2016жылдар басылымдары